Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 29 (1084)

29.07.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

СУҒА БАТҚАН БАЛАЛАР ҚҰТҚАРЫЛДЫ

ЖАЗҒЫ СУҒА ТҮСУ МАУСЫМЫ ҚАУІП-ҚАТЕРГЕ ТОЛЫ. АПТАП ЫСТЫҚТАН ӨЗЕН-КӨЛДЕРДІ ЖАҒАЛАҒАНДАР ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАМАУДАН, АЙ КҮННІҢ АМАНЫНДА СУДАН АЖАЛ ҚҰШЫП ЖАТҚАНДАР АЗ ЕМЕС.

Тереңіне тартып кететін, болмаса иіріміне үйіріп тұншықтырған тілсіз жаудың құрбанына айналғандар арасында жас та, жасамыс та бар. Әсіресе, жауқазындай қаулап өсіп келетін жасөспірімдерді өздерімен бірге өзен-көлдерге апарған ата-аналар балаларын қадағалауды мүлде естен шығарып алады. Оның арты адам шығыны болып, орны толмас өкінішке ұласады. Кәмелеттік жасқа толмаған, әрі емін-еркін суда жүзе алатын жасөспірімдер жағажай маңынан қашыққа малтып кетіп, күш-жігері сарқылып, тереңге батып кетеді дейді төтенше жағдайлар жөніндегі баспасөз өкілдері. Биылғы жылы суға түсу кезеңінде құтқарушылар назарына ілігіп, тілсіз жаудан аман қалғандар арасында балалардың саны басым екенін баса айтты. Мәселен, Қонаев қаласындағы Қапшағай су қоймасында 16-шілде күні екі адам құтқарылған. 2005-2004 жылы туылған қыз балалар жағадан 100-150 метр қашықтыққа кетіп қалған. 25-ші шілде күні жедел құтқару жасағының құтқарушылары Қапшағай №7-ші қалалық жағажайдан 150 метр қашықтықтан шомылу кезінде тереңдікке түсіп, бата бастаған 15 жасар қыз бала құтқарылды. 2007 жылы туылған қыз бала жағаға жеткізіліп, ата-анасына тапсырылды.

Балқаш көлінің жағалауында бала жоғалды деген дабыл қағылады. Дереу іске кірісіп, іздестіру-құтқару жұмыстары қолға алынып, бір сағат ішінде 2013 жылы туылған бала көлдің жағасынан табылған. 5-км қашықтықтан табылған балада ешқандай жарақат болмаған. Мұндай оқыс жағдай Алакөлдегі Ақши демалыс орнында да көрініс берді. Демалуға барған ата-аналар судағы қауіпсіздік ережелерін жадынан шығармай және су маңындағы кәмелетке толмаған балаларға үнемі назар аударып отырулары тиіс деген төтеншеліктер шомылу маусымында қауіпсіз шаралары жайлы жағажайдағы демалушыларға үгіт насихат жүргізіп, жарнама парақшаларын таратып, дауыс күшейткіш құралдары арқылы алдын ала насихат жұмыстары жүргізілуде. Алайда, ата-ана тарапынан балаларына абай болуда селқостық таныту сейілмей тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ

НЕГЕ?



АЖЫРАСҚАНДАР КӨБЕЙДІ

Соңғы жылдары елімізде ажырасу жағдайы көбейді. Қазақстанда әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталатынын айтады мамандар. Бұл дегеніміз алаңдатарлық жағдай. Статистикаға көз жүгіртсек, 2019 жылы сарапшылар Қазақстан ажырасу саны бойынша ТМД елдерінің ішінде көш бастап тұрғанын, 2018 жылы британдық The Economist басылымының әлемдік рейтингінде Қазақстан ажырасу саны бойынша 10-орынға шыққанын айтқан еді. Ал 2020 жылы, яғни пандемия үдеп тұрған тұста 45 036 жұп шаңырақ көтерсе, сол жарты жылдың ішінде 12 мыңнан аса жұп ажырасып тынған. Ажырасудың ең көбі Алматы қаласында тіркелген – 1655, одан кейін Алматы облысында – 1507, Қарағанды облысында – 1507, Нұр-Сұлтанда – 1025, Шығыс Қазақстан облысында 1003 жұп ажырасқан. Өткен жылда ел бойынша ажырасқандар саны 48 мыңнан асып жығылады. Бұл жолы да ажырасудан ең көп тіркелген аймақ – Алматы қаласы болса, Алматы облысында – 5 075 жұп ажырасқан.

Психологтар сөзінше, ерлі-зайыптылардың ажырасуы көбіне ер адамдардың әйелінің көзіне шөп салуынан болып жатады. Сонымен қатар ене мен келін арасындағы қарым-қатынастың дұрыс болмауынан, екеуінің тіл табыса алмауынан осындай жағдайға душар болады. Жалпы көмек іздеп келетіндердің дені 30 және 40 жас аралығындағы жұптар екен.

Ажырасушылар санының көбейгені жайында сөз қозғағанда көнекөз қариялар бұрын отбасы құрудың жауапкершілігі жоғары болатынын айтады. Яғни, ажырасқандар партиядан шығарылады. Ол кездері партиядан шығу кәдімгідей үлкен жаза болған деседі. Ал қазіргі қоғамда ештеңенің құндылығы қалмағандай. Ол кездегі жас отбасыларға жасалған жағдай да ерекше болыпты. Оқуды бітіре салысымен, жолдамамен жұмыс табатын. Барған жерінде баспанасы дайын тұрса, қазіргі жастар үшін баспана да, жұмыс та – бәрі проблема болды емес пе?! Аз ғана жалақысымен не үй ала алмай, не толық отбасын асырай алмай қиналып жүрген жас отбасылардың қарасы көп. Міне, осы жетіспеушіліктің соңы ұрыс-керіс, оның соңы ажырасуға дейін апарады. Егер де жас отбасыларға қамқорлық жасалса,бұл мәселенің іргесі сөгілер ме еді дейсің... Қалай дегенмен, бұрын ажырасқан деген кәулікті алып жүру ұят саналса, қазір бұл –модаға айналды. Неге?

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

АНДАТПА

ГОССЛУЖАЩИЕ 3 стр.

БОЛЕЕ 38 МИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ ВЫПЛАТИЛИ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ 4-5-бет

ДАЛА КҮНІ: Қант қызылшасын өсіру мәселесі талқыланды

ӘҢГІМЕ 8-9-бет



КІСІ БОЛҒАН ЖІГІТ

ӨМІР-ӨЛЕҢ 13-бет

ТАҒДЫР СЕНІҢ ЖОСПАРЫҢА ҚАРАЙ МА?

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖИЫН

СУ МЕН ГАЗ
жүйелері реттеледі

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАНҒАЗИЕВ БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ СУ ҚҰБЫРЛАРЫН ТЕКСЕРІП, ТҮГЕНДЕУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ.

Қонаев қаласы мен аудан әкімдерінің басын қосқан алқалы жиында облыс басшысы тұрғындар тарапынан суға қатысты арызшағым жиілеп кеткенін алдыға тартты.

«Жалпы, өңірдегі ауылдарда суға қатысты туындап отырған мәселе көп. Кейбір су құбырында қысым жеткіліксіз, кейбірінде магистралдық су жүйесі реттелмеген. Енді бірінде су сүзгісі жолға қойылмаған. Осы мәселелердің бәрін ауыл әкімдерімен бірлесіп, тексерістен өткізіп, жоба-жоспарын жасап алайық. Облысты газдандыру және басқа да сала бойынша жұмыстарды осылай картаға түсіріп, ретретімен істеуіміз керек. Көгілдір отын келді, газ бар деп айтқанымызбен іс жүзінде бәрі басқаша. Ұятты болса да айтайық, газды жеке тұрғын үйлер тұрмақ, ауруханаларға әлі толық тарта алмай отырмыз. Су мәселесі де солай. Су бар дейміз, бірақ іс жүзінде көшеден тасып ішіп, машақатын көріп жүрген ауыл тұрғындары жетерлік», – деді Марат Елеусізұлы.

Облыс әкімі жиында аталған мәселелерді шешу үшін ең алдымен өңірлерді сумен және көгілдір отынмен қамтамасыз ету бойынша тексеру, түгендеу жұмысын жүргізуді міндеттеді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҚАБАНБАЙ БАТЫРҒА 330 ЖЫЛ

Биыл бабамыз Қаракерей Қабанбайдың 330 жылдық мерейтойы. Осыған орай, еліміздегі тарихшы, өлкетанушы, тағы да басқа азаматтардан құралып, Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қанат Еңсеновтың бастауымен «Батыр бабалар жолымен – Сырдария – Жетісу – Шығыс» атты республикалық тарихи-танымдық экспедиция ұйымдастырылды.

КӨШПЕЛІ ЭКСПЕДИЦИЯ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНЕ КЕЛДІ

– Бұл жарты Қазақстанды шарлап шығатын, маңызы мен мәні зор экспедиция. Қабанбай бабамыз 60 жыл аттан түспей осы ел мен жерді қорғағаны анық. Бұл сапарымызды 9 шілде күні Ақмола облысы аумағындағы Қаракерей Қабанбай батыр кесенесінен бастағаннан бері тоқтаусыз жүріп келеміз. Ұлытаудағы Қабанбай батыр қатысқан «Бұланты – Білеуті» шайқасы өткен жерді қарап шығып, Жезқазған, Қызылорда бағытына жол тарттық. Қызылордада Тайлақ батыр ұрпақтарымен кездестік. Жаңақорғандағы Төлегетай баба мен Қылышты ата кешеніне бардық. Кезінде Мұхаметжан Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары» Сауранды айналып өткені жайлы жазды. Осыны ескеріп, Сауран қаласына бұрылдық. Одан кейін қасиетті Түркістанға келдік. Қабанбай бабамыздың Түркістанды қорғағаны тарихтан мәлім. Қожа-Ахмет Яссауи және Арыстанбаб кесенесіне тәу етіп, осы кесенеге жерленген Қабанбай батырдың замандастарына Құран бағыштадық. Сапарымыз одан ары қарай жалғасып, Құлан қаласынан 30 шақырым жерде өткен Ойранды шайқасы болған жерге, Әулиебұлақ, Сәмен төбесі, Сәмен ту тіккен тасына, Жетісу өңіріндегі әйгілі Аңырақай шайқасы өткен жерге, Таңбалы қорық-музейіне, Алматы қаласындағы Райымбек пен Әлмерек батыр және Кербұлақ ауданындағы Сәмен батыр кесенесіне, Абылай ханның серігі Бәсентин Малайсары Тоқтауылұлы батыр жатқан жерге барып, тәу етіп, тарихи деректерді жинадық. Осы сапарда батыр бабамыздың бір ниет, бір тілекте болып, бір майданда соғысқан замандастарының ұрпақтарымен кездесіп, сұхбат алдық. 6 мың шақырым жолды басып өтуімізге демеу көрсеткен Нұрланбек Тоқтабаев, Кәкен Тоқтаров және Аслан Ғафуров сияқты азаматтарға алғыс айтамын. Міне, бүгін жер жаннаты Жетісу жеріне қадам басып отырмыз, – деді топ жетекшісі.

Үлкен мақсат, ұлы мұрат арқалап, Жетісу жеріне жеткен экспедиция мүшелерін «Нақ бірлік» қоғамдық қорының төрағасы Мақсұт Қалажанов пен Ақсу ауданының ел ағасы Серік Серпербаев бастаған азаматтар Арқарлы асуынан күтіп алып, тарихи орындарды аралатты. Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, қаланың қадірменді ақсақалы Оралбек Жақиянов бастаған зиялы қауым өкілдері Талдықорған қаласындағы Қабанбай батыр ескерткіші алдында қарсы алып, сырсұхбат құрды. Сол күні Талдықорған қаласында түнеген азаматтар ертесі Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы тарихи орындарды аралауға аттанды.

Қ. АНДАС.

АУДАН ТЫНЫСЫ

АҚТӨБЕЛІК ТҰРҒЫНДАР
медициналық тексеруден өтті

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында адамдардың денсаулығын жақсартуға жан-жақты қолғабыс жасау, ауыл тұрғындарына тегін медициналық қызмет көрсетуі жайлы айтылған болатын. Бұл бағытта Ақсу аудандық орталық ауруханасында да көп істер тындырылуда.



Күні кеше Ақсу аудандық орталық ауруханасының директоры Салтанат Мықтыбаева бастаған дәрігерлер – Айгүл Оралбекова (*терапевт, УЗИ маманы*) Амина Искакова (*акушер-гинеколог*) Суықсай ауылдық округіне қарасты Ақтөбе ауылының тұрғылықты тұрғындары үшін тегін профилактикалық-дәрігерлік тексеру жүргізді.

Ауылдағы шағын мектепте өткен профилактикалық-дәрігерлік тексеру жүргізу алдында аурухана директоры, невропатолог Салтанат Жексембекқызы ауыл халқының денсаулығына жіті мән беруде осындай медициналық тексерулер ұйымдастырылып тұратынын айтты. Сонымен қатар ол мұндай шағын ауылға фельдшерлік пункт салынбайтынын, қажетті жағдайда ауданнан арнайы мобильді топ келетінін, бүгінге дейін Суықсай ауылдық амбулаториясының дәрігерлері қызмет етіп келді, ары қарай да солай болады деді. Осы орайда ауыл тұрғындарының «алғашқы көмек беруде бір медбике болса» деген өтініштерінің қарастырылатындығын да тілге тиек етті.

Аудан орталығынан арнайы келген дәрігерлер ауыл адамдарын мұқият тексеріп, қажетті ақыл-кеңестерін берді. Ауыл халқының денсаулығын жақсартуда дәрігерлер қызметіне тәнті болған тұрғындар өз ризашылықтарын білдірді. Ал, мұндай профилактикалық-дәрігерлік тексерулер алдағы уақытта да жалғасын табады.

Сарби ӘЙТЕНОВА

МАМАН МІНБЕРІ

ТАТУЛАСУ РӘСІМДЕРІ

АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ: БІТІМГЕРШІЛІК КЕЛІСІМ, ДАУДЫ (ЖАНЖАЛДЫ) МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ДАУДЫ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ.

Татуласу келісімі (әлемдік мәміле) – тараптар дауды тоқтататын немесе өздерінің құқықтық қатынастарындағы өзге де белгісіздікті өзара беру, олар үшін қолайлы шарттар (басқаға беру) арқылы жоятын шарт. Басқаша айтқанда, бітімгершілік келісім – бұл тараптар сот дауын тоқтатып, жаңа құқықтар мен міндеттерді белгілейтін қарапайым азаматтық-құқықтық келісім. Бітімгершілік келісім мен басқа азаматтық-құқықтық келісімдердің айырмашылығы – оны сот бекітеді және сот шешімінің күші бар. Бұдан басқа, келісім жасасу Азаматтық процестік кодексінде көзделген қосымша іс жүргізу салдарларына ие. Істі сот талқылауына дайындау сатысында да судья тараптарды татуластыру шараларын қабылдауға және тараптардың дауды бейбіт жолмен реттеу арқылы процесті аяқтауға ниеті бар-жоғын білуге тиіс. Атап айтқанда, сот тараптарды татуластыру үшін шаралар қабылдайды, оларға процестің барлық сатыларында дауды реттеуге жәрдемдеседі.

Э. ИСАЕВА,
Көксу аудандық сотының мәжіліс хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГОССЛУЖАЩИЕ

БОЛЕЕ 38 МИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ ВЫПЛАТИЛИ

КАЗАХСТАНСКИМ ГОССЛУЖАЩИМ ВЫПЛАТИЛИ БОЛЕЕ 38 МИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ ЗА НЕЗАКОННУЮ СВЕРХУРОЧНУЮ РАБОТУ, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ АГЕНТСТВА ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ.

В ведомстве подвели итоги работы за первое полугодие и рассмотрели вопросы развития госслужбы в стране. На повестке дня, в частности, стоял вопрос соблюдения норм этики, защиты прав и законных интересов работников.

«Восстановлены права 1323 граждан. Отменены наложенные дисциплинарные взыскания на 32 госслужащих, 63 дисциплинарных дела прекращены. 1047 служащим

предоставлены дополнительные часы отдыха. Работникам, незаконно привлеченным к сверхурочной работе, взыскана денежная компенсация в размере более 38 миллионов тенге», — говорится в сообщении.

Также в АДГС рассказали о новых инструментах отбора на государственную службу.

«Предусматриваются меры по упрощению порядка при поступлении на некоторые должности, а также "выхода" с государственной службы. Соответствующий законопроект внесен на рассмотрение Парламента», — добавили в агентстве.

В ведомстве также сообщили, что на период реализации государственных инициатив и отраслевых проектов госорганам будет предоставлена возможность найма контрактных служащих для привлечения профессиональных специалистов со спецзнаниями.

Ранее Президент Касым-Жомарт Токаев заявил, что государственные служащие не должны считаться членами какого-либо клана. Создание справедливого Казахстана не означает смену кадров — профессионалы и патриоты всегда в цене, подчеркнул он.

ЗАКОН

РЕГИСТРАЦИЯ ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА БУДЕТ ТОЛЬКО ОНЛАЙН В КАЗАХСТАНЕ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ АГЕНТСТВА. ИСТОЧНИК: КАЗТАГ

РЕГИСТРАЦИЯ ИП

«Для государственной регистрации в качестве индивидуального предпринимателя (совместного индивидуального предпринимательства) физическое лицо (уполномоченное лицо совместного индивидуального предпринимательства) представляет через государственную информационную систему разрешений и уведомлений либо посредством иных объектов информатизации уведомление по форме, утвержденной уполномоченным органом в сфере разрешений и уведомлений», — говорится в новой редакции.

Уведомление представляется в электронной форме посредством веб-портала «электронного правительства» или иных объектов информатизации.

Поправки внесены в статью 36 предпринимательского кодекса.

Изменения вводятся в действие с 26 июля 2022 года.

ОБРАЗОВАНИЕ

В КАЖДОМ РЕГИОНЕ СВОЯ ШКОЛЬНАЯ ФОРМА

В каждом регионе Казахстана выберут свой вид школьной формы, сообщил в интервью Zakon.kz министр просвещения Казахстана АсхатАймагамбетов, передаёт BaigeNews.kz.

Глава образовательного ведомства сообщил о нововведении, связанном со школьной формой. По его словам, со следующего года в каждом регионе для неё выберут единый стандарт. Ранее администрация каждой школы страны могла выбрать любую школьную форму с различными отличительными знаками.

«По действующему приказу школа по согласованию с попечительским советом определяет цвет формы и её фасон. У нас семь с половиной тысяч школ, теоретически могло быть семь с половиной тысяч видов форм. Но это не для всех удобно. Возьмём в пример город Павлодар. Ребёнок переходит из одной школы в другую, значит, ему нужно менять школьную форму. Разве это удобно? Теперь же одна административная единица, к примеру, город Нур-Султан объявляет, какой будет форма во всех школах. Вот в столице выбрали тёмно-синий цвет во всех школах. Вы как родитель можете пойти и на рынок, и в торговый дом, чтобы купить форму», — отметил министр.

Отметил глава ведомства и удобство введения единой формы. Например, если ребенок будет переходить из одной школы в другую, то проблем с покупкой новых комплектов не возникнет. Вид формы выбрали уже в большинстве городов, там школы переходят на тёмно-синий цвет. Отмечается, что со следующего года в Казахстане будет не более 20 видов форм.

САХАРНЫЙ ДЕФИЦИТ

ШТРАФЫ - ЗА СЛИШКОМ ДОРОГОЙ САХАР

Штрафы начали выписывать за слишком дорогой сахар. На севере страны угрожают штрафами спекулянтам сахара. Власти обещают найти и наказать всех, кто превышает разрешенную торговую надбавку, передает ИА «NewTimes.kz».

Проверки поставили на поток в связи с наступлением ягодного сезона после жалоб жителей Петропавловска, сообщает КТК.

«С сахаром, конечно, огромные проблемы. Обращалась неоднократно в акимат: и письменно, и звонила. Но вот выяснила, что в "Рахмете", так как он находится за акиматом, магазин, и вот я специально сюда хожу за сахаром. А в остальных супермаркетах вообще сахара нет, люди и в 6 утра занимают», — говорит жительницы Петропавловска Наталья Якова.

Цена сахара в свободной продаже в регионе доходит до 900 тенге. На такие ценники жалуются горожане, недовольны ими и в акимате. Чиновники уверяют, что мониторинговые группы проверяют прилавки каждый день.

Уже наказали двух оптовиков, которые продавали товар выше установленной торговой надбавки. Сегодня она составляет 15% от стоимости. Нарушители смогли избежать крупного штрафа, потому что сразу снизили цены.

На днях началась проверка еще по одной фирме. Снизить цену на песок в регионе надеются и за счет прямых поставок от социально-предпринимательской корпорации. Уже закупили 15 вагонов, по 450 тенге за кило. В прошлом году североказахстанцам на целый год хватило и 12 вагонов.

«Предельной цены на сахар нет, не установлена. Потому что цена предельная формируется из цен прошлогодней статистической цены, но, поскольку она уже значительно выше у нас, закупочная цена, поэтому нецелесообразно устанавливать»,- рассказал заместитель руководителя управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата СКО Данияр Исаев.

Напомним, с весны этого года в Казахстане продолжается дефицит сахара, вызванный запретом на его экспорт со стороны России. Первоначально Минсельхоз РК уверял, что проблем с продуктом нет, однако регулярные видео с толпами людей в магазинах заставили ведомство признать проблему.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ДАЛА КҮНІ:

Қант қызылшасын өсіру мәселесі талқыланды

ЕЛІМІЗДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР АЗ ЕМЕС. СОНЫҢ ІШІНДЕ БҮГІНДЕ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПҚА АЙНАЛҒАН ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫ АРТТЫРУҒА АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНІП ОТЫР.

Сала министрлігі Президент тапсырмасынан кейін білек сыбана кіріскен алғашқы шаруа – тәтті түбір алқабының көлемін арттыру болды. Республикамызда бірер жылда қант қызылшасы дақылдарын егуді 60 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарлануда. Бұл жаңа суармалы жерлерді іске қосу есебінен жүргізілмек. Ел диқандарына тағы бір қолдау – қызылшаны сатып алу құны биыл 30 мың теңгеге көтерілді. Бұрын бұл баға шаруалардың шығынын ақтамайтын. Атап айтсақ, 2021 жылы зауыт пен мемлекет бір келі қызылша үшін еңбеккерлерге 20 мың теңге төлеп келген. Ал осы жылы қант зауыттарына сатып алу бағасы өсті. Яғни қызылшаға зауыт тарапынан – 15 мың, субсидия есебінен – 15 мың теңге беріледі. Осылайша 1 тонна қант қызылшасы үшін диқандар отыз мың теңге алып отырады. Бұл былтырғымен салыстырғанда 10 мың теңгеге артық.

Бүгінде жалпы мемлекет бойынша іске қосылған 7 қант зауытының төртеуі ғана жұмыс істеп тұр. Оның ішінде Жетісу облысы бойынша Ақсу және Көксу зауыты өз қызметтерін атқаруда. Жетісу және Жамбыл облыстарындағы өндіріс ошағы жүктеменің 31%-ын ғана жаба алады. Ал еліміз 90 % импорттық қантқа тәуелді. Демек қант өндірісін 7 есеге, 254 мың тоннаға дейін ұлғайту, қант импортын 32 %-ға төмендету жоспарланып отыр.

Жетісу облысына қарасты Кербұлақ ауданындағы Жоламан массиві «Қызылшоқы» шаруа қожалығында «Қант қызылшасын өсірудегі дәлдік технология» тақырыбындағы Дала күні өтті. Айтулы шара «Жаңа Қазақстандағы Жаңа ауыл» жобасы аясында ұйымдастырылды. 100-ге жуық диқан жиналған іс-шараның мақсаты – шаруаларға суды үнемді пайдаланудың тиімділігін тәжірибеде көрсету болды. Себебі қант қызылшасын өсірудегі өзекті мәселенің бірі – су тапшылығы.

Шаруаларға қатысты арнайы ұйымдастырылған шараға «Ауыл» партиясы хатшысы, саяси кеңес президиумның мүшесі Анас Баққожаев, партияның облыстық филиалының басшылары мен белсенділері, сонымен бірге партия тізімімен сайланған мәслихат депутаттары қатысты.

«Ауыл» партиясының «Жаңа Қазақстанға Жаңа ауыл» жобасы 2022 жылдың мамыр айында басталған болатын. Жыл соңына дейін созылатын осы секілді кешенді шаралар партия мүшелерінің, депутаттары мен меценаттарының арнайы жобаларын ұйымдастыруды көздеп және республиканың барлық аймағында іске аспақ. Ондағы басты мақсат – ауылды аймақтарды дамытудың тың моделдерін іске асырып, Мемлекет басшысының ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсарту бойынша жасаған бастамаларына партия тарапынан үн қосып, қолдау көрсету болып табылады.

Шара барысында «Ауыл» партиясы хатшысы, саяси кеңес президиумның мүшесі Анас Баққожаев үнемдеп суару жүйелерінің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне, жалпы агросалаға беретін мүмкіндіктер туралы сөз етті. Оның айтуынша жыл сайын Қазақстанның су қорлары азайып барады. Өзен-көлі мол Алматы мен Жетісу облыстарының өзінде табиғи су көздерінің шөгуі көпшілікті алаңдатып отыр. Былтырдың өзінде тау басындағы қар қорының төмен болуы шаруалар арасына үрей салып, қант қызылшасы алқаптарының кемуіне әкеп соққан.

– Еліміз жыл сайын 532 мың тонна қант тұтынады. Ішкі нарықтағы сұранысты кем дегенде 80 пайыз деңгейде өтеу үшін қызылша алқаптарын қазіргі көрсеткіштен кем дегенде 20 есе ұлғайту керек. Ал, бұл – су тапшы болып тұрғанда мүмкін емес деуге болады. Демек дәл агротехникаларды, оның ішінде суды үнемдеу құрылғыларын пайдалану арқылы қызылшаның өнімділігін көтеру қажет. Табиғи су көздері шөгіп жатқан кезде заманауи технологияларды әкеліп, жасанды суару технологиясының арқасында шаруалардың тиімділігін көтеріп, экономикалық жағдайын жаңартсақ, шаруалар мен ауылдағы адамдарға да жұмыс табылады. Сонымен қатар ауыл инфрақұрылымына көмек болады. Біздегі ең басты мақсат осы, – дейді «Ауыл» ХДПП хатшысы Анас БАҚҚОЖАЕВ.

Биыл Жоламан массивындағы «Қызылшоқы» серіктестігі жерге алғаш рет қант қызылшасын екті. Егістіктің жалпы көлемі 314 гектарды құрайды. Өнімді мол алғысы келетін шаруаға ең алдымен су керек. Сол себепті шаруа қожалығының басшысы Алдан Бекеев қаражат көзін тауып, бұрыннан істен шығып қалған жаңбырлатқыш фригаттар орнына жаңа заманауи 10 АФКО техника-машиналарын орнатып, соның көмегімен қызылшаларын суарып отыр.

Дәл бүгінгі күнге дейін бұл өңірде үнемі қуаңшылық болатын. Шаруа бірде бір рет қызылша егіп көрмесе де өнімді жақсы алатынына үмітті.

Жылдан-жылға су қорлары азайғандықтан қант қызылшасы алқаптарының аумағы кеміп кеткен болатын. Дегенмен «Қызылшоқы» серіктестігі басшысы суды үнемді пайдаланып, алқапты тамшылатып суғаруға көшіпті. Сол мақсатта лизинг көмегіне жүгінген.

Алдан БЕКЕЕВ, «Қызылшоқы» серіктестігінің директоры: – *Былтыр қожалыққа 12 дана техникалық-машина алып, биыл көктемде қант қызылшасын егуді қолға алдық. Өнімді егуді жақсылап қолға алатын болсаң, өте жақсы өнім береді. Сапалы өнім алу үшін оған артылар*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

жүк те соншалық болмақ. Ол үшін үлкен жұмыс жасап, тер төгу керек. Міне, көктемнен бастап бүгінгі күнге дейін тынбай қызмет етіп келеміз. Біздің өңірде тарихта болмаған нәрсе болып отыр. Себебі мынадай шөлейт далада қант қызылшасын егу оңай шаруа емес. Ол үшін 1 млрд. 385 миллион қаражатқа техникалар алдық. Басында бұл жерге көпжылдық шөп себемін деп ойлағанмын. Себебі қант қызылшасы шықпайды деген ойлар да болды. Алайда «шешінген судан тайынбас» демекші, не болса да тәуекел еттім. Жалпы 314 гектар жер теліміне қызылша егілді. Лизинг арқылы тамшылап суаратын 12 техника (дождевальный машина) алдық. Соның арқасында биыл Алла қаласа, қант қызылшамызды суарып, тәтті түбірді молынан алып, келешекте өнімді 800-1000 гектарға жеткізсек деген жоспарымыз бар.

Бүгінде бұл шаруашылықта 85 адам жұмыс жасайды, оның ішінде тек қант қызылшасына жауапты 24 адам қызмет етеді. Жерден насоспен су шығарып техникалық-машиналардың көмегімен әрқайсысы 55 гектардан суғарып, барлық жер телімін қамтып отыр. Ал жерге себілген қызылша тұқымы СПК «Жетісу» арқылы алынған. Алқапқа себілген «Новелла», «Ардан» деген сорттардың нәтижесі жаман емес, екеуінің де өнімділігі жақсы.

Шаруа серіктестігі басшысының айтуынша мемлекет тарапынан да қожалыққа үлкен көмектер жасалуда. Мәселен, мұнда алынған

техникалардың 50 пайызын мемлекеттің төлегенін айтады. «Қызылшоқы» серіктестігінің жер телімінің жалпы саны 11 мың гектар. Мұнда қызылшадан бөлек жаздық арпа, күздік бидай және мақсар (сопфор) егіледі. Соның жартысына үкімет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінуде.

Жиын барысында аграрлы саладағы мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша да мәселелер көтерілді. «Ауыл» ХДПП хатшысы Анас Ахатұлының сөзінше қазіргі кезде үнемдеп суару жүйелерінің қолжетімді болуы өте маңызды. Себебі өнімділікті көтеруге бел буған шаруалар көп, алайда бәрінің бірдей кепілдікке беретін мүлкі жоқ. Сондықтан «BNK Group» компаниясының шаруаларға ұсынған лизинг механизмі өте тиімді болып отыр. Қондырғылар бағасының тең жартысы субсидия арқылы өтеледі. Демек шаруалар үшін құны екі есе арзандайды деген сөз. Қалған 50 пайызының жартысы алғашқы жарна болып төленеді де, қалғаны бойынша төлемдер 3 жылға дейін ұзартылады. Сол себептен АӨК мемлекеттік қолдау саясатын реформалау барысында суармалы жерлерді игеруге бағытталған инвестициялық субсидиялар қалуы тиіс.

Іс-шара аясында Павлодар, Жамбыл мен Жетісу өңірінің шаруалары қант қызылшасын өсіру жөнінде өз пікірлерін ортаға салды. Олар үнемді суару жүйелерімен қатар тұқым, тыңайтқыш пен гербицидтерге тиісті мән беру жайында да сөз қозғады.

Шараға қатысушылардың бірі Ауыл шаруашылығы академиясының

академигі, экономика ғылымдарының докторы Асқар Шарипов та өз ұсынысын айтып, пікір білдірді.

– Мен Жетісу облыстық қауымдастығының басшысы ретінде сайландым. Кезінде осы қызылша бойынша докторлық диссертация қорғаған болатынмын. Бұл тақырыпты айналып жүргеніме 30-40 жылдай уақыт болыпты. Қызылша – республика бойынша өте өзекті мәселеге айналды. Қазір өздеріңіз білесіздер тәтті түбірді өзіміздің өнім ретінде қамтамасыз ету процесі жүзеге асып келеді. Әрине, ең бірінші кезекте бұл өте күрделі мәселе. Оны өсіру шаруасын қолға алу қарқынды түрде жүзеге асуды талап етеді. Қант қызылшасын өсірудің салмағы біздің Жетісу облысына да түсіп тұр. Себебі Жамбыл, Павлодар облыстарын айтпағанда қант шаруашылығымен айналысатын шаруалар біздің Жетісу облысында қалды. Бүгінгі келіп отырған «Жоламан» массивы, «Қызылшоқы» серіктестігінің ерекшелігі – жер асты суларын пайдалану арқылы өнімді өндіріп отыр. Бұрын бұл жерде қант қызылшасымен мүлдем шұғылданбайтын. Жалпы облыс бойынша жер асты суларын пайдалану арқылы өнімді өндіруді осы Жоламан өңірі бастап отыр. Бұл енді ары қарай өз жалғасын табатынына сенеміз.

Осы орайда айта кетерлік, техникалар ескірген. Егер техниканы жаңарту мәселесі жолға қойылса, алатын өнім де нәтижесін беретін еді. Екінші бір өзекті мәселе қызылшаны себетін тұқымның жақсы болуы шарт. Шаруа қожалықтары тұқымды өздерінен өсірсе, сонымен қатар басқа мемлекет тұқымдарын қалыптастыру алдыңғы жолға қойылу керек-ақ. Себебі олардың өнімділігі бір жағынан жоғары болады, екінші жағынан қант қызылшасының ауруға шыдамдылығы да жоғары болады. Сондықтан шет елдің тұқымдарын сеуіп, оның бабын таба білсек, біз алдыңғы орынды аламыз деп ойлаймын, – дейді ол.

Шара барысында «Қазақстандық қант, азық-түлік және өңдеу өнеркәсібі ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Айжан Наурзғалиева қант тапшылығы мен оның бағасына байланысты өз пікірін білдірді.

Кеңес Одағы кезінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету өте қарқынды түрде іске асқан. Кезінде Талдықорған облыс болып тұрғанда 1 млн. 100 мың тонна қант қызылшасы өсіріліпті. Ал қазір мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін біраз тер төгу қажет.

Түрлі тақырыптарды қаузаған шара барысында қант қызылшасы алқаптарының азаюының негізгі себептері де ортаға салынды. Мәселен 1 гектар қант қызылшасын себуге жұмсалатын шығын орта есеппен 500 мың теңгені құрайды. Сонымен бірге жанар-жағар май, пестицидтер, суаратын су тарифтері бағасының айтарлықтай өсуі жұмсалатын жұмыс күшіне қарамастан, қант қызылшасын өсірумен айналысатын аграршылардың сатып алу бағасы төмен болған кезде рентабельділігінің төмен болуына алып келеді. Сондай-ақ республиканың оңтүстік өңірлерінде ауыл шаруашылығы дақылдарын ылғалмен қамтамасыз ету мәселесі қолға алынып жатыр және шаруаларды

техникалық жабдықтау шаруалары да бар. Осы секілді проблемаларды назарға ала отырып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі қант саласын жаңғырту жоспарын пысықтап жатыр.

Жиында сөз алған «Манат» шаруа қожалығының басшысы Саха Манатов жерді игере алатын адамдар ғана алып жаратуы керек екенін айтты. *– Қолынан келмесе, оны жасай алатын адамдарға берсін. Тағы бір айта кетерлігі, 200 миллиардпен бүкіл Қазақстанның қант саласының проблемасын шешуге болады.*

Биыл қант қызылшасының дақылы 6,2 мың гектарға себілді. Одан 210 мың тонна өнім жинап, 20 мың тоннаға жуық қант өндіру жоспарда бар.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, соңғы 7 жылда қант қызылшасы егістігінің аумағы жеті жарым есе (2014 жылы 1,2 мың гектарды құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 8,9 мың гектарға жеткен), қайта өңдеуге өткізілген өнім көлемі 20 есеге артқан (9,9 мың тоннадан 196 мың тоннаға дейін).

Қант өнімін облыста Көксу және Ақсу қант зауыттары өндіруде. Өткен жылдан бері Көксу қант зауыты құрақ қантын шығаруды да қолға алды. Өткен жылы 41 мың тонна шикізат өңделіп, 40 мың тонна құмшекер алған. Ал биылғы жылы 48 мың тоннаға квота алып, бүгінге 30 мың тонна шикізат өңделді. Сонымен қатар алдағы қараша айында Ақсу қант зауытында қамысты қайта өңдеу желісін орнатып, қолданысқа беру жоспарлануда. Осылайша қос зауыт та жыл бойы жұмыс жасап, қамыс құрағы мен тәтті түбірді өңдемек.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының хабарлауынша, 2023 жылы (Ақсу 1200 гектар), Алакөл (500 гектар), Сарқан (1200 гектар) аудандарында қант қызылшасының егіс алқаптарын ұлғайту және Ақсу қант зауытына қайта өңдеуге 100 мың тонна шикізат сату жоспарлануда. Жалпы 2026 жылы қызылша алқаптарын 15 мың гектарға дейін жеткізу де ойда бар. Сондай-ақ Алакөл ауданында үшінші қант зауытын іске қосу көзделіп отыр. Облыс басшысы Бейбіт Исабаев бұл зауытты қайта қалпына келтіру жөнінде үш халықаралық қаржы институттары өкілдерімен кездесуде бірнеше ұсынысын жеткізген болатын.

Жетісу облысы ежелден қант қызылшасын өсіруге маманданған аймақ. Республика бойынша өнімділігі мен сапасы жоғары, бейімділігі жағынан шетелдік түрлерімен бәсекеге түсе алатын қант қызылшасы будандарын енгізу арқылы өнімділікті арттырып, қант өңдеу инфрақұрылымының дамуына, өнімнің өзіндік құнының кемуіне және қант қызылшасы саласының экономикалық тиімділігі реттелетініне шаруалардың үміті мол. Енді кезекте жоғарыда талқыға салынған мәселелер өз шешімін тапса, елдегі қант дағдарысынан да құтылатынымыз айдан-анық. Сол істерді жұдырықтай жұмылып іске асырсақ, дәулет пен берекенің берік негізін қалайтынымыз анық.

Арайлым НҰРЖАПАР
ТАЛДЫҚОРҒАН – КЕРБҰЛАҚ

Дүйсенбі - Понедельник, 1 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 01.40 «Теледәрігер»
07.30 «Masele»
08.10 «Көңіл толқыны»
09.25 «Жібек» Мультхикая
10.00, 13.00, 20.00, 01.10 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
14.00, 02.30 «Әйел әлемі»
14.35, 03.00 «Ауылдастар»
15.05 «Жүзден жүйрік»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Давай найдем друг друга»
07.00 «Оян!»
10.00 «Тактическая сила»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бөрі»
15.00 «Алтыбақан»
18.00 Мегахит «Отряд Фокстрот»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Ұлттық құрылтай»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Чосонның жаңа күні»
13.40 «Киелі бесік»
14.30 Худ/ф «Биші қыз»
16.00, 01.25 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан Олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.05 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
02.20 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 Сериал «Березовая Роща»
14.00 Новости
14.15 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация-2»
00.50 «Спецназ»
02.00 Новости
02.15 «Паутина»
03.00 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.15 «Тамаша City»
04.00 «Басты жаңалықтар»
04.25 «Паутина»
05.10 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.20 «Следуя за сердцем»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Курорт цвета хаки»
01.30 «Игра. Реванш»
02.10 «САОДАТ»
03.15 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 «Құйынды мекен»
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «QR.kz»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.40 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Жазықсыз жандар»
07.00 Ризамын
07.30 31 әзіл
08.30, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.20, 12.30 Сериал «Отель Элеон»
13.30 Худ/ф «Обитель Зла-2: Апокалипсис»
15.30 Худ/ф «Молодой мастер»
18.00 Худ/ф «Проект А»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 «Иностранец-2: Черный рассвет»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбавтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.20, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 23.50 «Полицейский с рублевки»
17.20 Сериал «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Утерянную карточку допуска MPG №100468 на машину 372AKB05, выданную инспекцией транспортного контроля по Алматинской области на ИП «Михеев В.И.», прошу считать недействительной.

Сейсенбі - Вторник, 2 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.35 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 01.50 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.20 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
08.20 М/х «Сақшы арыстан»
09.00 Т/х «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
14.10 «Қызық екен»
15.00, 02.40 «Әйел әлемі»
15.30, 03.10 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
21.30 Т/х «Ақжауын»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Давай найдем друг друга»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Отрял Фоксорт»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Бөрі»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 «Давай найдем друг друга», «Один сундук на двоих»
18.00 Мегахит «Дожить до утра»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 Т/х «Бөрі»,«Бақталас»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20 «Чосонның жаңа күні»
13.40 «Киелі бесік»
14.30 Сериа «103»
15.00 «Громовы. Дом Надежды»
16.00, 01.25 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан Олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.05 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
23.50 «Қорғансыз ханшайым»
02.20 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 Пусть говорят
12.05 Сериал «Отчаянные»
13.05 «Семейный альбом»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация-2»
00.50 «Спецназ»
02.00 Новости
02.10 «Паутина»
02.55 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.05 «Тамаша City»
03.50 «Басты жаңалықтар»
04.15 «Паутина»
05.00 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.20 «Курорт цвета хаки»
13.10 «ШЕФ»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Курорт цвета хаки»
01.30 «Игра. Реванш»
02.10 «САОДАТ»
03.15 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.40 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Жазықсыз жандар»
07.00 Ризамын
07.20 Информбюро
08.20, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.20 Т/х «Зейнеп»
10.20, 11.30 Сериал «Отель Элеон»
12.35 Худ/ф «Ангели и демоны»
15.40 Худ/ф «Проект А»
17.50 Худ/ф «Проект А-2»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «Дэнницепной пес»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбавтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00, 06.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.20, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 23.50 «Полицейский с рублевки»
17.20 Сериал «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 3 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран
06.05, 03.10 «Жәдігер»
06.30, 01.35 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.05 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
08.20 М/х «Сақшы арыстан»
09.00 Т/х «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 20.30 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00, 02.25 Д/ф «Киелі Қазақстан»
15.30, 02.45 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Давай найдем друг друга», «Один сундук на двоих»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Дожить до утра»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Бөрі», «Бақталас»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 Сериал «Один сундук на двоих»
18.00 Мегахит «Осечка»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
22.30 Т/х «Бақталас»
23.55 Футбол «Вильярреал», - «Леванте»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Чосонның жаңа күні»
13.40 «Киелі бесік»
14.30 Сериал «103»
15.00 «Громовы. Дом Надежды»
16.00, 01.25 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан Олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.05 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
02.20 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 Пусть говорят
12.05 Сериал «Отчаянные»
13.05 «Семейный альбом»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация-2»
00.50 «Спецназ»
02.00 Новости
02.10 «Паутина»
02.55 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.05 «Тамаша City»
03.50 «Басты жаңалықтар»
04.15 «Паутина»
05.00 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.20 «Курорт цвета хаки»
13.10 «ШЕФ»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Курорт цвета хаки»
01.30 «Игра. Реванш»
02.10 «САОДАТ»
03.15 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен» (концерты)
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 Ауа райы
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.40 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Жазықсыз жандар»
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 00.10 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
11.00, 12.10 Сериал «Отель Элеон»
13.10 Худ/ф «Иностранец-2: черный рассвет»
15.20 Худ/ф «Проект А: часть 2»
17.50 Худ/ф «Близнецы»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «Жажда мести»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбавтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.20, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 23.50 «Полицейский с рублевки»
17.20 Т/с «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

41 МЫҢНАН АСТАМ ЖЕР ТЕЛІМІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

«ЖЕР ДАУЫ, ЖЕСІР ДАУЫ, ЖЕТІМ ДАУЫ» БІТПЕЙТІН ЖЫРҒА АЙНАЛДЫ. ЖЕТІМДЕРДІ ШЕТЕЛ АСЫРЫП САТТЫҚ. ЖАТ ЖЕРДЕ ЖҮРІП АЗАМАТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСҚАНДАР ҮШБУ ХАТ ЖОЛДАП, АТА-АНАСЫН ІЗДЕП ЖҮРГЕНДЕРІ ҚАНШАМА. АЛ, АСЫРАП АЛУШЫЛАРДАН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕНДЕР ТУРАЛЫ ДА АЙҒАЙ-ШУ АЗ БОЛМАДЫ. ЖЕСІРДІҢ АҚЫСЫН ЖЕГЕНДЕР ДЕ, ЖЕР БАСЫП ЖҮР.

Қойшы әйтеуір нарық талабы деп бәрін саттық: адам саттық, жер саттық, мал саттық, кен саттық, қазба байлықтың бәрін саттық. Бірақ одан тұрмысымыз оңалып кетпеді. Байығандардың балтырын байпақ қысып, түкірігі жерге түспей жүр. Жекешелендіру дәуірі басталғанда ебін тауып екі асағандар, қолынан келгендер қоншынан басты. Қара жерді қарпып қалды. Игергені игеріп, игермегені жалға беріп, жатып ішті. Тіпті, егістік жерлерді былай қойғанда мал жайылатын өріс тарылды. Гектарлап-гектарлап алған жерлерінің төбесінен құс ұшпастай, айналасына жан жуытпай қоршап тастаған бай-бағландар ауыл жұртымен санаспады.

Баяғыда бір сарт: «дадәң деді үндемедім, әнәң деді үндемедім, қутының дегенде шыдамадым» деген екен. Сол сарт айтпақшы, жер теліміне келгенде ауылдықтар шыдамады. «Ертоқымын бауырына алып мөңкіді». Мөңкімегенде қайтсін, қолындағы бес-алты малын

өрістететін жайылым жоқ. Бай-бағландар жеріне аттап бастырмайды. Ыңыршағы шыққан бес алты тұяғына жер тарылып қара топырақ жеп қалған малы үшін шыбын жандарын шүберекке түйген ауылдағы кедейлер жергілікті биліктен үміттерін үзді. Улап-шулап аудан әкімдігіне, облыс, тіпті республикаға дейін дабыл қақты, ақпарат құралдарына жүгінді. Жергілікті билік жекеменшікке біздің құзырымыз жүрмейді деп құтылды. Тіпті бос жатқан жерлерге байқау жариялап, тамыр-таныстарына үлестіргенін Кеген ауданының жұрты жер бөлудегі аудан әкімдігінің әрекетін әлемге жария етті. Бұл бір ғана Алматы облысына ғана тән емес-ті. Республика бойынша жер дауы асқынған кеселдей ырыққа көнбей кеткен-ді. Ақыры бұл іске Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі араласуға тура келді. Қаңтардағы көтеріліске қатысушылардың көтерген өзекті мәселесінің бірі осы жер болатын.

«Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» дегендей, шындап тексеру басталғанда қойны-қонышына тығып алған жерлер әшкереленіп, сүт бетіне қалқыған қаймақтай шыға келді. Бермеймін, сатып алғанмын дегендер ертоқымы мойнына кеткен жуас аттай игерілмей жатқан жерлерін үкіметке қайтара бастады. Жекешеге құзырымыз жүрмейді деген жергілікті биліктің де бүйрегі бүлкілдеп қарашаға мойын бұрды. Облыс әкімдері ел-жұрт пен жиі-жиі жүздесіп, жер, ауыз су және әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқатуға күш салуда. Бұл іске билік партиясы да білек сыбана кірісті. Оған Парламент депутаттары комиссия құрамына тартылды. Экс президент Назарбаевтың тұсында білгендерін жасап, халықтың есебінен байып алған олигархтар қыспаққа алынып, темір торға тоғытылғанын көрген соң билік тарапынан аяушылық болмайтынын сезгендер мыңдап алған жер телімдерін қайтаруға мәжбүр болуда. Оған нақты дәлелді «AMANAT» партиясы Жетісу облысында 41 мың гектардан астам жайылым жерді мемлекет меншігіне қайтарды деген ақпаратты көзіміз шалды. Партия жанындағы «Жер аманаты» комиссиясының көшпелі қорытындысында комиссия мүшелері –партия хатшысы

Дәулет Кәрібек, заңгер Бақытжан Базарбек, «AMANAT» партиясының атынан сайланған Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан, АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржанов Кербұлақ, Ескелді және Көксу аудандарының тұрғындарымен кездесіп, жер қатынастары саласындағы өзекті мәселелерді талқылаған. Аталған жұмыс Республиканың барлық өңірінде жүргізіліп жатқанын тілге тиек еткен партия хатшысы Дәулет Кәрібек, «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев игерілмей жатқан жайылым жерлерді мемлекет меншігіне қайтару туралы нақты тапсырма берді. Президент айтып өткен әділеттікті қамтамасыз ету мәселесі «AMANAT» партиясының негізгі басымдықтарының бірі саналады. Әрбір ауыл тұрғынының пікірін ескеруге тырысамыз және жайылым жерлер әділ бөлінуі үшін барымызды саламыз», – деді.

Жөн-ақ, ауыл халқының аңсағаны да осы әділдік. Қайтарылған 41 мың гектар жер телімі әділ бөлінсе шырмауықтай шырмалған мал жайылымының біраз түйіні шешілгелі тұр. Мал жайылымы демекші, кезінде колхоз-совхоздарда 45000-60000 қой, ірі қара 1000-ға жуық жылқы түйе болды. Сол малдар жазғы жайлауға еміне-еркін сыйып жататын. Қазір жайлауда да жер қоритын болған. Жайылым үшін жаға жыртысып жатады. Осы бір түйткіл де толық шешілуі тиіс. Жайлау ол барлық малға ортақ болуы керек. Әр ауылдың кезінде бөлінген жер территориясы бар. Сол жерлерге қойы-қоралас, ауылы аралас болса несі айып. Бірақ ол жайлауды да кезінде меншіктеп алған бай-бағландар бар екен. Мәселен, Кеген, Райымбек аудандарына жерлерді сырттан келген байманаптар кезінде басып алғанын ел айтып жүр. Демек, аудан көлеміндегі жерлер сол аудан тұрғындарының шаруаларына ғана тиесілі болуы керек. Әрі мал санына қарай жер телімі бөлініп берілгенін ауыл тұрғындары қалайды. Бұл кездесуде Лабасы ауылының тұрғыны Қизат Абиров бүгінде жайылым жерлердің тапшылығы бұрынғыдан да көп сезіліп отырғанын айтты: «Ауылда тұрып, мал бағып отырғандар үшін бұл – бірінші кезектегі мәселе. Көксу ауданында 6000 гектардан астам жер қайтарылды. Сондықтан осы комиссияның жұмысына үлкен үміт артамыз», - деді Қизат Абиров. Жайылым жер үшін Панфилов ауданы Көктал ауылында тұрғындардың ереуілі болған-ды. Егістік жерлерді шыр айналдыра қоршап алған шаруа қожалығы күзде егістік алқап орылып болған соң ауылдың жекеменшік малы осы алқаптарға жайылатын. Алайда, басы бүтін жекешелендіріп алған жерге қожайыны қоршау салып, мал кіргізбей қойған. Бұл дау-дамайда бір ретке келгенін Панфилов аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Жұмағазы Наймантаев айтты. «Айтылған шулы мәселеге орай екі тарап келісім-шартқа отырды. Негізі бұл шаруашылық алған жерін толық игеріп отыр. Жаңа технология енгізген жүгеріден аудан бойынша жоғарғы көрсеткіш алуда. Сонымен қатар көп жылдық мал азығын егеді. 150 адамды жұмыспен қамтуда. Сондай-ақ әлеуметтік тұрмысы нашар жанұяларға баспана салып беруге, әрі 150 гектар жерді астық жиналып алынған соң мал жайылымына беруге келісті» дейді.

Панфилов ауданы бойынша инестициялық жобамен алған жер пайдаланушылармен жұмыстар жүргізіліп, жалпы көлемі 8940,0- га оның ішінде 14,0 га суармалы егістік 8926 – га жайылым жер телімдері аудан қорына қайтарылды. «Аудан әкімінің қаулысымен бес азамат жер телімдерін өз еріктерімен қайтарып берді», – дейді аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Ж. Наймантаев. Жер мәселесіне қатысты жұмыс Алматы және Жетісу облыстары бойынша қарқынды жүргізілуде. Ауыл тұрғындары қосалқы шаруашылықпен айналысу үшін де жер телімін алу бармақ басты, көз қыстылыққа ұласып, пара бергендердің қолдары жетіп, бере алмағандар бір малын екі ете алмай тарыққан-ды. Жер теліміне арнайы тексеру жүргізген прокуратура органдары да талай былықтың бетін ашты. Жер үшін ауыл әкімдері жауапқа да тартылды, істі болды. Егістіктен бөлек, жекенің малы жайылатын жер тапшылығы туындап, өре түрегелген ауылдықтар бұл заңсыздықтармен белесене күресті. Республика бойынша дабыл қағылып, Үкімет және Президенттің назарын аударуға дейін барды. Аграрлық салада ырыс мал мен егістік алқаптарында жатыр. Ол үшін құнарлы жер күтіліп-бапталып, тыңайтылса, мемлекет үшін де зор байлық. Ал оны өндіретін ауыл шаруаларының дәрежесі бай-бағландармен бірдей болуы тиіс. Бірақ, таразы басын әлділер басып, әлсіздер әупірімдеп күн көріп жүр. Оның жарқын айғағын мал жайылымдарынан көруге болады.

Айтақын МҰХАМАДИ

Суреттер aikyn.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

КІСІ БОЛҒАН ЖІГІТ

Қартекең елге келе жатыр екен дегенді естігелі ең әуелі аудан әкімі әрлі-берлі сенделіп жүгірді. Қартабек – осы ауданнан шыққан, жастай аты ауызға ілігіп, елдің айтуынша үлкен қызметтегі қайынағаларының арқасында тез өсіп, басшылықты ұқсата білген жігіт. Бір-бірінің ыңғайын танып үлгергендер бірін-бірі сыйлаған жылы көңілдерін байқатып-ақ бақты. Аудан әкімі депутатты шырайы кірген шаруашылығымыз бар деп өз күндерін өздері ілдебайлап көріп жатқан кәсіпкерлермен кездестіріп, «келешекте ел игілігіне қызмет етпек» деп екі-үш жыл бұрын басталғанымен, сол күйі тұрып қалған бір-екі құрылысты көрсетті. Мол дастархан жасалып, қымбат шарап қойылып, көлкөсір ықылас көрінген қонақасы мен сый-сияпат та мейманның көңілінен шыққандай.

Обалы не керек, Қартекең өңкей аудан зиялысының алдында «Жаңа Қазақстан» құру, халықтың елді басқаруға қатысты мүмкіндігі» туралы аузынан тастамай жүрген сөздерін оңды-солды айтып тәуірақ көсілді. Ел арасына шығып, халықты алаңдатқан жайдың ішкі жағына басын ауыртпай, сыртын ғана түсінсе де, әлдебір мәселені көтергенсіп, мәслихаттардағы басын шұлғып тыңдайтын топты аузына қаратып сөйлеуге құштар мінез Қартабекте де бар. О баста облыс орталығына өзінің жаңа бизнес орталығын ашпақ шаруасымен келсе де, өз көңілінде елдің көңілін серпілтіп тәуір әсер қалдыру, ештеңе шешпесе де халықтың мұңын мұңдағандай болып жақсы атты көріну сияқты жасырын тілекпен жүргені өзіне аян. Бұл сапар осылай айналасы бір-екі күнде тәп-тәуір аяқталатын-ақ жөні бар еді, Қартабек Пішәновичтің ауданнан қашықтағы туған ауылына да соға кетпекші ниеті бұл сапарды тағы бір күнге созды. «Ләпбай, айтсаңыз болды, ауылыңызға апарамыз» деген аудан әкімі жол бойы астаналық мейманның біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып, көңілін табумен болды. Бір күні болмаса бір күні сөзім әлде ісім түсер деп, тәуір жерде басшы болған, таныс-білісі көп адамның көңілін табуды парыз санаған ниеті білінеді. Ауыл туралы, жалпы елдің жағдайы туралы әңгімеге бара қоймады, одан гөрі «Қартеке, біз сізбен мақтанамыз, сіздер ел аманатын арқалаған нағыз азаматсыздар ғой, өзіңіздей қоғам қайраткері, марғасқа жігіттердің арқасында еліміздегі жаңа бетбұрыстардың әсері білініп жатыр» деген сияқты қолпаш сөздерді арнаумен болды. Келістіріп қалжың айтып күлдіріп, астаналық мейманды барынша сыйлайтынын білдіріп бақты. Мойынға міндет жүктердей ешқандай парыз-қарызы жоқ әңгімеден Қартабектің де қабағы жазылып, көңілі көтеріліп, кеудесі шалқайып, желігі өсе түскен.

– Қартеке, қазір барғасын өз ауылыңыздың халқымен жүздесуге қалай қарайсыз? – деп суыртпақтай сұраған.

– Кеше аудан активімен кездестік қой, сол жетер. Ауылда көп бөгелмеспіз, – деген жауап алды.

Пішәннің ауылдан ерте кетіп, бүгінде әжептәуір кісі болған баласы келеді екен дегенді естіген ауылдағылар да, әсіресе, ауыл әкімінің ұйқы-тұйқысы шығып әбігерге түскен. «Соншама биік дәрежеге жетсе де туған ауылын ұмытпай, әкесінің басына барам деуі, ағасы Төкішке де амандасып, бес жыл бұрын қайтыс болған әжесінің орнына бата оқып шығам деуі – кісілік емес пе!» деп тамсанып, таңдай қағумен болды жұрт.

Аппақ «Джип» қос «Тойотаны» ығыстырып, ызғытып келе жатты. Қартабек айналаны шола қарайды. Ауыл бұрынғысынан кішірейген, ауыл жанындағы баяғыда аптап ыстық болса қақсып жататын сай шарасына жетпесе де, алыстан мөлдіреген көл тәрізденіп көзіне жылы ұшырайды.

– Биыл қар мол болды, сай да суға толды, – деді әкім суды өзі тасып толтырғандай марқайып. – Мына көпірді ауыл жігіттері өз күшімен салып алды! Халық жақсы ғой, өздеріне керек болса бірігеді. Ауыл халқының жағдайы жақсы, қолдарында бір-бір ұялы телефон.

Өз араларынан шығып кісі болған азаматты күткендегі қарбалас алыстан білініп тұрды, мектептің тұсынан шыққан топ бері жүріп, кішкентай қыздар шар ұстап, еңгезердей палуанның үстінен шешкендей екі өлшемге кең шапанның арасынан басы қылтиып әрең көрінетін жұқа жігіт домбырасын қағып жіберіп, арнау өлең айтты, марқұм Пішәннің осы қызықты көре алмағанына көңілдері босаған ауыл кемпірлері көздерін сүртіп, өз ауылдарында туып дөкей болған азаматтың бетінен сүйіп, шашу шашты. Кісі көңілін елжіретердей осынау салтанатты қарсы алудан мейманасы тасығаны шығар, қымбат кәстүм-шалбар киіп, алтын жиекті көзілдірік таққан, қолындағы пәлен мың долларлық сағаты күн көзіне шағылысып, қымбат туфлиі дүкеннен жаңа ғана сатып алғандай жылтырап тұрған қырық бестер шамасындағы жігіттің жүзінде өз өміріне қанағаттанған, осы тірлігіне риза кісінің қалпы бар еді.

Ауыл сыртындағы қорымда жатқан әкесінің басына аз-кем аялдаған соң аппақ «Джип» қақпасының көк сыры өше бастаған тапалдау үйдің алдына тұмсығын тірегенде осы ауылдың барлық жаны топталып, үй сыртында мейманды күтіп тұрған еді. Қартабек осынша көп адамды күтпеген. Тіпті біреуін де танымады. Қаншама салтанатпен қошеметтеп қарсы алып жатса да, бірыңғай тозыңқы шаруа киімдерін киген, жүдеу жүздері күнге тотығып, ауыл тұрмысынан ерте кекселенген бейтаныс адамдарды көргенде сасып қалды ма, сынық арба, о жер, бұ жерге үйе салған темір-терсектен ретсіз шашылған ауладан біртүрлі жабығыңқы күйді танығандай болды ма, астаналық мейман түскен бойда жанжақтан қаумалаған көпке «сәлеметсіздер ме!» деп естілер-естілмес амандасты да, шетке ығысқан күйі телефонмен сөйлесіп кетті. Оның «Ассалаудың» орнына жиналыс бастағандағы амандасу үлгісін машық қылғанына таңырқаған жұрт бір-біріне қарасып, кісі болған азаматтан өздеріне жат адамның қалпы байқалғандай болғасын, ыңғайлап ұсына берген қолдарын қалталарына сала қойысты.

Үй иесі Төкіш жасы жетпіске келсе де балаша қалбалақтап жүр, Қартабектің осы ауылға арнайы ат басын бұрып, ағасының үйіне бас тіреп келгеніне төбесі көкке екі елі жетпей қалған. Сағынып күткен інісіне құшағын жайды. «Ағамның көзі ғой» деп еміренді. Бірақ, інісінен ондайлық пейіл байқалмады, сыпайы амандасып, басқа жұрт сияқты есік алдына аяқ киімін шешіп әуре болмастан сенектегі кілемшені басып өтіп, төргі бөлмеден бір-ақ шықты. Бұл Төкіштің қазақы көңіліне бір ұнамсыздық көрінгенімен сыр білдірмеді. Туған ағасының жалғыз ұлының кісі болып пайдаға асқанына мақтанышы мен «тым болмаса қалада жөндем жұмыс таппай жүрген ортаншы ұлға бір көмегі тиер» деген түпкі көңілдегі үміті осынау болымсыз кем-кетікті сәлден соң ұмыттырып та жіберген. Уақыт-шіркін Қартабектің баяғы екі беті алмадай жеңешесінің орнына тарамыс қара кемпірді қалдырыпты, соңғы күндері қораны майлаудан босамай жүзі күңқақты болған жеңгесінің: «баяғыда мұрның ағып жүретін бала едің, бізді ұмыттың, кербез келінді неге ала келмедің?» деп білдірген назына да ауданнан келген пысық жігіт жеңіл қалжың араластырып, жымын білдірмей жіберді. «Үлкен кісінің арты қайырлы болсын» деп ернін жыбырлатқан депутатқа ілесіп өзгелері де бет сипағанымен, ешқайсысы «марқұмға арнап аят оқиық па?» демеді, алыста жүріп туған әжесіне жат болған немеренің сыртымен де, ішімен де қаралы көңілден алыс екенін аңғарғандай.

Ағасы әлденелерді сұрағыштап, інісі сараң жауап берісіп, аз-кем отырды. «Жайланып отырыңдар, ет те пісіп қалды, – деді арық денесіне көнетоз көйлегі қолпылдап тұрған Төкіш кіркір орамалмен маңдайындағы терін сүрткіштеп. Бірақ, қанша туысы болса да Қартабектің бұл үйде бөгелгісі келмеді. Төбесі аласа, адам жүрген сайын едені сықырлаған, қабырғасындағы кілемі де о заманғы, көрпе-жастығы ала-құла, біртүрлі жүдеу де жабырқаңқы жерде көп отыруға іші пысып, ағасының оны-мұны сұрағыштағанынан тез жалыққандай түр бар еді жүзінде. Қасындағы асты-үстіне түскен аудан әкіміне қабағымен әлденені ұқтырмақ болған. Көңілдегіні тап басып, кісінің іші-бауырына кіретін әжептәуір оралымды тілі бар жігіт бірден түсіне қойды.

– Төке, былай ғой... алыстан інім келе жатыр деп жомарт жүрекпен қуанып, меймандостық көрсетіп жатқаныңызға Алла разы болсын, сіздей ағалар аман болсын. Іниізді құрақ ұшып күтіп... осының бәрі кейінгіге айта жүрер өнеге! Бірақ, Төке... бізді әкім күтіп отыр еді, айып болмаса, сонда барсақ... Олар манадан күтіп отырмыз деген, қанша дегенмен осы елдің білдей басшысы ғой, кешіксек ұят болар, сіздікіне тағы бірде...

Қапелімде Төкіштің аузына сөз түспей қалды, да «Өй, өй» деп қипақтап:

– Ойбай-ау, марқаның етін балбыратып пісіріп қойып едік. Сонау жақтан келгенде...Қартажан ай, қонып кетсең де болатын еді ғой, – деп, біртүрлі салы суға кеткендей күмілжіп қалды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

– Ініңіз келесі жолы асықпай келіп жататын сияқты ғой, ағамның үйі кең жайлау деп... Осы жолы асығыс екен, қызметі жауапты, түсінесіз ғой...

– Е-е, жөн, асығыс болса... кәйтеміз енді, жолы болсын, аман жүрсін қайда да... кәйтеміз... – деген қарлығыңқы дауыс жуаси шықты.

Нан ауыз тиіп енді тұрғалы жатқанда, «Қараш атай келе жатыр, депутатқа айтар сөзім бар дейді», – деді ауыз жақтан біреуі дауыстап.

– Кейін, кейін... Қазір уақыт тығыз...

Аудан әкімі сөзін аяқтап үлгермеді, тақиясын баса киген, шоқша сақалды, бір көзінің ағы бар қария кірді.

– Шырағым, қош келдің, өзіңді келеді деп естігелі күтіп жүрген жайымыз бар. Өз аулымыздың баласы, телебезірден көрген сайын шулап қаламыз, тіпті немереме дейін, әне, Қартабек көке деп танып алған, – деп кеңкілдей күлген шал бір жөткірініп алып, қарсы алдында отырған қымбат кәстүм-шалбарлы, көзілдірігінің алтын жиегі жалт-жұлт еткен жігіттен үлкен мархабат күткендей үміт-тілегін білдіре сөйлеп кетті:

– Баяғыда еркек малды пішіп, нан тауып жүретін Пішәннің баласы кісі болды дегенді естіп қуанып жатырмыз. Әкең осы балам қазы-қарта жеп, қатарға ілігін жүрсін деп атыңды Қартабек деп қойып еді, енді, міне, қатарға ілеспек түгілі елдің алдына шығып кеттің, сый-құрмет көріп, қазы-қарта да жеп жүрсің, жарадың, шырағым. Баяғыда әлгі кібіен бе еді, жастардың ойын-сауығынан шығып «Жас отан» болдың, одан біздің ауданнан депутат болып сайланғанда осы ауыл өзің үшін құдайы беріп қуанған. Одан облыстық мәслихатқа барды деп, артынша үлкен қызметте жүр деп естіп едік, ақырында астанада депутат болдың, қайда жүрсең де аман бол, шырағым.

– Рахмет, ақсақал.

– Іі... рахметті қоя тұр балам, осы отырғанда өзіңе айтар базынамыз бар. Осыны айтқанда шалдың манағы тілеулестігі байқалған даусы біртүрлі қатайып естілгендей болды.

- Ақсақал, бұл кісі асығып отыр, – деп килікті аудан әкімі әлденеден іш жиып.

- Қоя тұр, – деді қария қолымен жасқап. – баламыз жиырма жылда бір келгенде бір ауыз сөзімізді айта алмаймыз ба? Біздің хал-жайдың шет-жағасын өзің де біліп отырған шығарсың, осы елдің баласы болғасын, сонау астанадан келіп жатыр дегесін өзіңе айтайын деп келдім. Газ болмаса қи жағармыз, су болмаса құдық қазармыз, бізге қиын болып тұрғаны – жол, үрім-бұтағымызбен жабылсақ та қалаға дейін жол сала алмаймыз ғой. Күз бен көктемде жолдан көретін азабымыз өз алдына, құдайдың жазында да жаңбыр жауса болды, мына тұрған қалаға жету азап. Қандай көлік болса да батпаққа белшесінен батып қалады. Баяғыда өзің де осы жолды «өйтеміз, бүйтеміз, тақтайдай қыламыз» деп уәде беріп едің, артынша ұмытып кеттің.

– Қалаға аудан арқылы бармайсыздар ма? – деп күңкілдегендей болды аудан әкімі.

– Айналайын ау, сол ауданның өзіне тіке бару мұң болып, амалсыз қала айналып жүрген жоқпыз ба? Бұ күндері ауылдың әйелдеріне дейін батқан көлікті итеріп шығарудың мәстірі болып алған, осы жолдың кесірінен ауыр науқас қалаға жете алмай, әйелдер жолда босанып қалады, мына халық кімге сенерін де, кімге сүйенерін де білмейді. Құдай өзі бірдеңе қылып жөндемесе басшыларға сенім аз, өз қара бастарын күйттеп әлек.

Қартабек әлдене деп жауап бермекші еді, бірақ онысы шалаестірлік бірдеңе секілденіп, сенімсіз, ұғыныксыз болып шықты. Рас, баяғыда сайлау алды бағдарламасында жол салу туралы бірдеңе-бірдеңе деген салақұлаш сөйлемдер болған, одан бері не заман өтті, өз басы жол жоқ, анау жоқ, мынау жоқ дегенді сезінбегесін, елдің басындағы жағдай өзіне баяғыдан онша сіңе қоймаған. Шал болса бастырмалата түсті:

– Осы жолдың зарын айтып қайда бармадым, ақыр аяғында мына аудандағылар мені көрсе қара бастарына өшіккен дұшпанды көргендей болады.

– Ақсақал, артық кетпеңіз, – деді аудан әкімі шыдамай.

– Немене, өтірік пе? Облысқа барайын десем де артыма кісі салып қоясыңдар. Жеті жыл бұрын осы жолға бөлінген ақшаны жеп қойған, енді сол ашылып қалады деп қылпылдап, ауылдағы сүйретілген жаман шалды бағады. Осының бәріне кінәлі тойымсыздықтарың, бәрі жемқорлықтың кесірі!

Осы сөзді айтқанда шал басы қалтаңқалтаң етіп, сақалы бірге қозғалып, көзі тесірейіп, жемқорлықтың өзімен бетпе-бет келсе аямайтындай көрінді. Шалдың сөзінен аудан әкімі қозғалақтап кетті де, ауыл әкімінің оған қараған жүзі тым-тым аянышты көрінді, ол осы арызқой шал үшін ауданнан сыбағасын алатынын күнілгері болжап тұрған.

– Қай-қайсысы да сайланарда елге жақсылық қыламыз деп алып, сайланып алғасын ұмытып шыға келеді. Халық соған өкпелі.

– Бәрі де уақытымен болады, ретімен жасалады, сол жағын сіздер үлкен кісі болып халыққа түсіндірулеріңіз керек қой, өйтудің орнына... басшылар қолдан келгенді жасап жатыр... әкім шалдың өзіне өкпе артқандай болды.

– Көп үміт қылған адамы үмітті ақтамаса өкпелемей қайтеді енді. Ал... балам, өзіміздің Пішәннің баласы ғой, жол салып бермесе де жоғарыға айта барар деп келгендегі шаруам осы еді. Елге бір пайдаларың тимесе неғып жүрсіндер? Күтеміз. Еш қайран болмаса, облыс әкімдігінің алдына барып жатам-дағы...

Қартабектің осынау ешқандай да таңғажайып тамашасы жоқ, мың рет естіген әңгімені тыңдап, көңілі селт етпей-ақ сезімсіз, салқын қалпында отыра беретін жайы бар еді, байқайды, тақиялы шал сөйлеген сайын бірталай кінә мен салмақты бұған қарай аудара бастағандай. Аздан соң келгелі бері сырбаз көрінген жігіттің жүзінен ашуы білініп, бет-ажары суықтана берді. «Сонда бұл шал бұған «елді алдап-сулап сайланып алып, сөзіңнен тайқып кеттің» деп отырғаны ма? Тіпті бөлінген ақшаны жеп қойғанға да қатысың бар!» деп отырмасын?» Ол ауыл ақсақалының сөзінен біржола жеңілген күйі қасындағы аудан әкіміне қарады. Тұла бойын ашу мен намыс кернегені көрініп тұр. Бүкіл жұрт сый көріп отырған жігітті қайдағы бір жаман шалдың тұқырта бастағаны ауданнан келген атқамінерлердің де шыдамын тауысқан.

– Ақсақал, ондай шаруаңызды тиісті жерлерге барып айту керек қой, бұл кісі алыстан келген мейман емес пе? Ал, жақсы, біз қайтайық. Асығыс едік, – деп аудан әкімі орнынан көтерілді. Өзгесі де соны күтіп отырғандай, орындарынан атып-атып тұрысты.

Қартабекпен бірге ере шыққан ағасы «қалада інің бар еді...» дегенді ғана айтып үлгерді. Онысына інісі «көрерміз» дегендей болды. Оның осы жарытымсыз сөзінің өзі ағасының көңілін сергітіп, болымсыз үміт сыйлағандай болды.

Ауыл әкімінің үйіне барғанда да Қартабектің көңіл-күйі болмай, жазғытұрғы көкке семірген бағланның еті батпай қойды. Мол дастарханда қасық қоятын орын болмаса да, Астанадан келген мейман көңілсіз болғасын өзгелері де еркін ішіп-жей алмады.

– Көңіліңізге алмаңыз, Қартабек Пішәнович, – деп жуып шайған болды аудан әкімі, – ауыл адамдары осы ғой, инені жіпке тізіп отырады. Өздері шөп басын сындырмайды. Жолы жоқ болса қалаға шапқылай беріп қайтеді, сайда су толып тұр, ең болмаса бақша екпей ме, ерігіп арыз тасымай, істесе жұмыс табылады ғой, – деді қырдағы елдің тірлігінен хабарсыз күйі өз саясатын соғып.

– Айтып тұрмын ғой, халық қатты өзгерген. Бұрынғыдай емес, қит етсе басқа шығады.

– Өйтпесек, қазақ боламыз ба? Өз ауылдарынан шыққан жігітті көтермелеп қолпаштаудың орнына осы енді... бір-біріміздің жамандап жүре береміз, – деп ырқылдай күлген ауыл әкіміне аудан әкімі алара қарады, жүзінде «жетістіргенің шамалы» деген жазу тұрды.

Бұлар есік алдына шыққанда жаңбыр жауып тұрды. Дамылсыз бүркіген жаңбырға қарамастан бір топ әйел «Депутатқа айтарымыз бар» деп жиналып тұр екен.

– Қарағым ау, ақыры келгесін төбесінен тамшы ағатын клубымызға кіріп жиналыс жасамадың ба? Айтарымыз бар еді. Қара халықтың қиындығын ешкім шешпесе де, ең болмаса ішімізді босатып алатын едік қой, – деп қартаң әйел сөз бастап еді, қалғандары қосамжарласа кетті. – Еститін үкіметтеріңе айта барыңдар, керең болып қалмаса естісін, ана жолы доллар көтерілген себепті тамақ қымбаттады деп еді, одан бері де доллары құрығыр түсіпті ғой, тамақ болса одан сайын қымбаттап жатыр. Бір қап ұның он бес мың теңге деген не масқара? Осы бәрің Астанада жиналып алып не бітіресіндер? Жаңа үкіметің де қолын қусырып әлі отыр, қымбатшылыққа қылар айласы болмаса, атасының басына отыр ма? – деп әйелдер аттың басын жіберген кезде жаңбыр құйып кеткен еді. Жер-жерден шулаған әйелдердің арасынан сытылып шыққан мейман көлікке отырған кезде де ашудан булықса да, томсарған қалпынан жазбады. Аудан әкімінің жүзі көгістеніп, сұрланып ауыл әкіміне қарады. Оның көзінде «Осының бәрін әдейі ұйымдастырып отырсың, бәрің менің түбіме жетпекші екенсіндер» деген ызғар жатты. Ауыл әкімі бүгежектеп жерге қарады. Аудан әкімінің уайымдайтын жөні бар. Бұл келген жай депутат емес, дәу бастық болған, байланыстары көп адам, ертең осы үшін мұның өзін тәйкесінен түсіруі мүмкін. Осыкүні жалалы болу опоңай, қаржылық тексеру жіберсе жетіп жатыр, сосын құйрығыңа шала байланып сорладым дей бер. Қап, осы ауылдың әкімі де... ештеңені күні бұрын болжай алмайтын босбелбеу бірдеңе. Өзінен де бар, ерте бастан ескертіп қойғанда ғой. Айтарының бәрін ішке бүкпей, оңай айта салатын ауыл адамдарына мұқият бол деп тапсырмапты да. Әсіресе, үнемі белсеніп жүретін қырсық шалдың көңілін аула деп ескертуі керек еді. Қап... Ол әрі қарай кесір шалдан қалай өш алуды ойлады. Егер мектепте қызы не келіні жұмыс істейтін болса жұмыстан шығартып жіберсін. Егер...егер... шалдан өш алатын басқа амал ойына түспеді. Депутатқа қарап еді, келе жатқандағыдай қошеметшілдікпен айтатын сөзге ұйитын түрі байқалмады.

Ауылдан шыға бере жаңбыр тіпті үдей бастады.

– Қартеке, аудан жақпен айналып өтпейміз бе?

– Жоқ, қалаға тіке салыңдар, шұғыл Астанаға кетуім керек, – деді мейман қитығып.

– Ол жақтың жолы қалай болар екен... деп міңгірледі әкім.

Ауылдан қалаға қарай шыға берістегі «Болашаққа жол – өзіңнен басталады» деген жазу орнатылған бағанды көрген депутат мырс етті. Оған бұл сөзді біреу мазақтап, қиястықпен әдейі жазып қойғандай көрінген.

– Мұны қай ақымақ жазып жүр?

– Елбасының сөзі ғой, – деді әкім жаңбыр жуған терезеден көзін алмай. – Ана жылы жоғарыдан тапсырма келгенде бүкіл ауылға түгел орнатқанбыз.

Жаңбыр арасында сатырлатып терезені ұрғылап, кейде бәсеңдеп жауып, тоқтамады. Көлік іші тым-тырыс. Бәрі бір ауырлықты мойнына байлағандай еңселері көтерілер емес. Әуелгі жүрген грейдер үстінен дөңгелек тая берген соң жайдақ жолға түскен, бір кезде алда кетіп бара жатқан «Тойота» батып қалды.

– Қап, көлге түсіп кеттік.

Депутат үйреніп қалған әдетпен телефон шалмақ болған, бұл жақта байланыс жоқ екен.

Әкімнің «Тойотаның» біреуін келген жолмен ауданға қайтарып жібергені оң болыпты, жігіттер батып қалған «Тойотаны» итеріп шығарғанымен, әншейінде сылаң қаққан қымбат көлік әп-сәтте бейшара күйге түсіп, о жер, бұ жерге қайтақайта батып, әбден шаршатты. Ақыры оны жолға қалдырды.

Бір кезде жаңбыр басылып, манағыдай емес, көңілдері де жайланайын деді. Алдағы референдум туралы салиқалы әңгіме бастала берген, бір кезде көлік бір ылдиға түсіп, қайта шығам дегенде батып қалды да бір орында тұрып ышқына берді. Әрі-бері әуреленіп, болмағасын бәрі жерге түсті.

– Күрек бар ма?

– Жоқ.

– Мынадай жолға шыққанда адам күрек алып шықпай ма екен? – деп күңкілдеді әкім.

- Бұл жақпен жүретінімізді..., – деді шопыр жігіт сөзінің аяғын жұтып.

Манағы үш жігіт көліктің артынан итерді. Құр гүжілдегені болмаса джип орнынан қозғалар емес. Күш салған сайын дөңгелектің асты қазылып, саз балшық үйіліп қала берді. Шөп салу керек дескен жігіттер шөп іздеп кетті. Жаңбыр жауды дегендей емес, күн жып-жылы екен. Көгі әбден жетілген мамырдың маң даласы жап-жас, жап-жасыл көрінеді. Құстар да жылы күнге қуанғандай әрі-бері ұшып, жарыса сайрайды. Бұл жердің масасы да мол екен, тынымсыз ызыңдап беткеқолға қадала берді. Көл дегендері көл де емес, су жиналған сазды сай екен, сирек жусаны көтеріліп үлгермеген, былтырдан қалған шөп те қолға ілігер емес, аласа бетеге мен жас көдені, шашақ-шашақ сасырды бырт-бырт еткізіп жұлған жігіттер уыстап әкеліп дөңгелек астына салды. Депутат та қарап тұра алмады, жігіттермен бірге көліктің артынан итере бастады.

– Ой, Қартеке, қайтесіз... өзіміз нағыламыз ғой

– Бекер әуре болмаңыз, үстіңіз бүлінеді.

Депутат олардың сөзіне назар аудармады. Жігіттермен бірге бар күшін салып итерген кезде көлік алға жүрді де, дөңгелек астынан шашыраған балшық оған тіке шашырап, көзәйнегін айғыздап, беті-басын әбден былғады. Қымбат туфлиі де суға толып, шылқ-шылқ етеді. Дөкейдің түрі кісі күлерлік болса да, қасындағылардың күлуге шамасы жоқ.

– Қап, үстіңіз бүлінді ау, – деді өкінген түрмен.

– Ештеңе етпес.

Үстіндегі қымбат кәстүм-шалбары түгел былғанған екен, бәрі жабылып депутаттың үстін тазалаған сайын алабажақтанып айғыздала түсті.

Көлік азырақ жүрген соң тағы бір тұсқа келіп батып қалды. «Енді болмайды, трактор керек» деді дөңгелек астына ұзақ үңілген шопыр. Үш жігіт трактор іздеп көз ұшында көрініп тұрған бес-алты үйлік ескі қонысқа жаяу кетті. Қартабектің суық қарайтын кішкене көздерінде әлдебір ой бар, әйтеуір, түпсіз терең ойдың шешімін таппай отырғандай пішінде. «Келген жағымен кете беруі керек еді, әлдеқашан иті жоқ ауылға кеткен әкесі кешелі-бүгін есіне түскендей ауылға соғып несі бар еді десейші... Ауыл адамдары да қызық, мұның қолында бірдеңе тұрғандай... Тіпті міндет арта ма ау бұған, жолы жоқ болса жолы бар жаққа көшпей ме? Не бар сол ауылда омалып отыратындай? Көшсін қалаға. Қызық ей...».

– Манағы шал айтқан жаман жол осы ма?

– Ия... осы...

– Енді неге жөндемейсіндер? Қаламен екі ара ары кетсе екі сағат жарымдық жол, оның тоқсан шақырымы тас жол болса, қалған алпыс шақырымды жөндеп салып берсе болмай ма? – деп ашуланды депутат.

– Енді... жоғарғы жақ шешеді ғой... бізде не кінә бар.

– Жоғарғы жақ біле ме бұны?

–...

Аудан әкімі үндемеді. Біледі деп те, білмейді деп те айта алмады.

«Адам болмайды бұлар. Өздері халыққа билік айтады, өздері халық жүретін батпақ жолмен жүріп те көрмеген, – деп ойлап отырды Қартабек. – Мына жақтың өзі адам тұратын жер емес қой, не жолы жоқ, не басқасы жоқ. Есі дұрыс адам мынадай шалғай ауылда тұра ма, тіпті есі дұрыс, ақшасы бар адам Қазақстанда қала ма, өзің ойлашы?!» деді өзіне-өзі. Аяғына су өтіп, киімі де дымқыл болғаннан ба, бойы тоңазып, жылы жерді аңсады. Көз алдына былтыр өзі студент ұлына деп Түркиядан сатып алып қойған келісті үй-жайы – зәулім апартаменті келді. Ол өзін ауласында хауызы бар, айналасында гүл-бақшасы бар сол жерде елестетті. Осы кезде жаңбыр қайтадан сіркіреп жауа бастады.

Жадыра ШАМҰРАТОВА

adebiportal.kz сайтынан алынды.

ЕНПФ Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ отвечает на актуальные вопросы

1) Здравствуйте! Можете объяснить каким образом формируется моя пенсия в ЕНПФ? Всё, что я накопил, просто выплачивается мне единоразово?

Сбережения, накопленные на индивидуальном пенсионном счете, при наступлении пенсионного возраста не выплачиваются единовременно. Пенсионеры получают их по графику ежемесячно вместе с пенсионными выплатами из государственного бюджета (базовой и солидарной пенсией). Размер ежемесячной выплаты из ЕНПФ рассчитывается в соответствии с Методикой, предусмотренной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2013 года № 1042.

Согласно этой Методике расчет ежемесячной выплаты из ЕНПФ в первый год выхода на пенсию следующий. Сумма накоплений на индивидуальном пенсионном счете умножается на ставку выплат пенсионных накоплений – 6,5 % и делится на 12.

К примеру, накоплено9 000 0000 тенге. 9 000 000*6,5%= 585 000 тенге. Это годовая сумма выплат из ЕНПФ. Делим ее на 12 месяцев и получаем: 585 000/12 мес.= 48 750 тенге.

В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты будет ежегодного увеличиваться на ставку индексации пенсионных выплат – 5%.

Единовременно получить пенсионные накопления возможно только в том случае, если сумма пенсионных накоплений на дату обращения получателя не превышает двенадцатикратный размер минимальной пенсии, установленный законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год (с 01.04.2022 года – 576 384,00 тенге = 12 * 48 032,00).

2) Здравствуйте! В связи с временными трудностями некоторое время мой работодатель не выплачивал зарплату. Могу ли я самостоятельно за предыдущие месяцы внести за себя обязательные пенсионные взносы, если я работаю официально по найму? Хотелось бы чтобы мне одобрили кредит

В соответствии с действующим пенсионным законодательством Республики Казахстан обязательные пенсионные взносы подлежат уплате вкладчиками, путем перечисления агентом вкладчика, то есть работодателем. При этом уплатить обязательные пенсионные взносы в свою пользу путем перечисления в некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (ранее – ГЦВП) могут лишь следующие физические лица:

- индивидуальные предприниматели;
- частные нотариусы;
- частные судебные исполнители;
- адвокаты;
- профессиональные медиаторы;
- физические лица, получающие доходы по договорам гражданско-правового характера;
- плательщики единого совокупного платежа.

Таким образом, если Вы не относитесь к вышеперечисленной категории лиц, то самостоятельно пополнять индивидуальный пенсионный счет, сформированный за счет ОПВ, не представляется возможным.

3) Я переживаю, что после смерти мои накопления просто «сгорят», а хотелось бы их оставить своему единственному сыну. Подскажите, что происходит с пенсионными накоплениями после смерти?

Статьями 31, 32 и 33 Закона «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон) определено, что в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления в ЕНПФ за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, его **пенсионные накопления наследуются** в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Кроме этого, в соответствии с положениями пункта 5 статьи 50 Закона в случае смерти получателя, а также лица, имеющего пенсионные накопления и не достигшего общеустановленного пенсионного возраста, его семье либо лицу, осуществившему погребение, ЕНПФ выплачивается единовременная выплата на погребение в пределах размера 52,4-кратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете (ИПС)средств.

В случае, если остаток пенсионных накоплений на ИПС получателя после осуществления единовременной выплаты на погребение составит сумму, не превышающую размер минимальной пенсии, установленный на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, данный остаток выплачивается как выплата на погребение.

Актуальный перечень необходимых документов в зависимости от вида выплаты, способа их подачи в ЕНПФ (при личном обращении/через средства почтовой связи/третье лицо), требования к их оформлению, а также бланки заявлений и образцы их заполнения в зависимости от вида валюты платежа, образцы доверенностей, контакты ЕНПФ размещены на сайте ЕНПФ по адресу www.enpf.kz.

Каким образом вкладчики ЕНПФ получают информацию о своих накоплениях?

Получение выписки со своего индивидуального пенсионного счета (ИПС) - это законодательно закреплённое право вкладчиков (получателей) ЕНПФ. Узнать о состоянии своих пенсионных накоплений можно следующими способами:

электронным способом:

- посредством электронной почты на адрес, представленный в ЕНПФ;
- посредством личного кабинета;

при личном обращениинепосредственно в офис ЕНПФ;

посредством услуг почтовой связи.

Наибольшей популярностью пользуется способ информирования посредством личного кабинета на сайте enpf.kz или в мобильном приложении ЕНПФ, которым воспользовались более 6,3 млн владельцев ИПС, что почти в 20 раз больше, чем в 2014 году.

Ещё один формат удаленного доступа к информации о состоянии пенсионных накоплений – это получение выписки с ИПС посредством электронной почты на адрес, представленный в ЕНПФ вкладчиком (получателем), согласно выбранному им графику (ежемесячно, ежеквартально, раз в полугодие или ежегодно). На текущий момент график не выбирается, по умолчанию ставиться ежегодно. К началу второго полугодия текущего года почти 800 тыс. человек выбрали данный способ информирования.

Сейчас ИПС по всем видам пенсионных взносов в ЕНПФ открываются в беззаявительном порядке. При открытии ИПС способ предоставления ЕНПФ информации о состоянии пенсионных накоплений автоматически определяется как «при личном обращении в ЕНПФ», который вкладчик (получатель) вправе изменить самостоятельно.

В целях определения или изменения способа получения информации вкладчику (получателю) необходимо заключить соответствующее соглашение непосредственно в офисе ЕНПФ либо на сайте ЕНПФ. Следует отметить, что:

- на сайте ЕНПФ возможен выбор только одного способа - «посредством личного кабинета»;
- вкладчик (получатель), используя ЭЦП, может получить информацию о состоянии пенсионных накоплений через сайт и мобильное приложение ЕНПФ и электронного правительства без заключения соглашения.

Продолжают пользоваться популярностью личныеобращения. Непосредственно в офисах ЕНПФ получают выписки с индивидуального пенсионного счета более 3,1 миллиона вкладчиков.

Традиционной почтовой связью предпочитают получать выписку с ИПС порядка 1 млн вкладчиков (получателей), число которых заметно снизилось. Так, например, в июне 2014 году их было 4 млн, то есть в 4 раза больше. Напоминаем, чтоесли вкладчик (получатель) выбрал данный способ информирования, то ему необходимо в течение 10 календарных дней сообщить в ЕНПФ обо всех изменениях, влияющих на выполнение обязательств ЕНПФ, в том числе об изменении адреса места жительства.

В дополнение ЕНПФ напоминает о необходимости регулярно проверять свои пенсионные накопления любым удобным для вас способом, чтобы быть уверенным в своевременности перечисления пенсионных взносов и планировать свое будущее.

28 июня 2022 года Вкладчики ЕНПФ убедились в прозрачности работы Фонда

День открытых дверей стал уже традиционным мероприятием для вкладчиков и получателей Единого накопительного пенсионного фонда. Для удобства вкладчиков и получателей наши сотрудники провели его в очередной раз в виртуальном пространстве

Каждый желающий мог посетить мероприятие с помощью онлайн-платформы и присоединиться к Дню открытых дверей, не покидая стен своего дома. Главная тема «Управление пенсионными активами: Как и куда инвестируются пенсионные активы».

Как известно, пенсионные накопления вкладчиков ЕНПФ непрерывно инвестируются и работают на вкладчика. Только за прошлый год с 1 января 2021 года по 1 января 2022 года прирост пенсионных накоплений за счет чистого инвестиционного дохода достиг 1,4 трлн тенге. Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального банка Казахстана составила 11,13%, при инфляции в 8,4%. Напомним, в состав инвестиционного дохода входят доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), доходы в виде рыночной переоценки финансовых инструментов, доходы в виде валютной переоценки, доходы по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д.

Гости мероприятия узнали, что сумма пенсионных накоплений вкладчиков пересчитывается и переоценивается еженедельно в соответствии с результатами инвестирования пенсионных активов. А в состав инвестиционного дохода входят доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), доходы в виде рыночной переоценки финансовых инструментов, доходы в виде валютной переоценки, доходы по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Около 2/3 инвестиций размещены в тенге и около 1/3 - в иностранной валюте, большая часть валютных инвестиций - в долларах США. Поскольку стоимость финансовых инструментов и курсы валют все время изменяются, доход от рыночной и валютной переоценки может быть как положительным, так и отрицательным в отдельно взятом периоде.

Важно подчеркнуть, что пенсионные накопления – **это долгосрочные инвестиции** и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее одного года. Краткосрочные данные (еженедельные, ежемесячные и т.д.) – не являются показательными, т.к. зависят от постоянных текущих изменений рыночной конъюнктуры.

Специалисты Фонда поделились, что помимо Национального банка, вкладчики ЕНПФ могут перевести часть своих накоплений в компании, управляющие инвестиционным портфелем (УИП). На данный момент ЕНПФ заключен договор о доверительном управлении пенсионными активами с четырьмя УИП. Напомним, после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП также инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты.

В целом, в соответствии с Законом о пенсионном обеспечении РК, государство обеспечивает гарантию сохранности пенсионных накоплений с учетом инфляции на момент получения права на пенсионные выплаты. Данная норма, аналогов которой нет нигде в мире, способствует сохранности накоплений вкладчиков от инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов.

Мероприятие по всей стране прошло при высокой посещаемости. Каждый из участников остался удовлетворен электронным форматом проведения Дня открытых дверей, и многие изъявили желание самостоятельно изучить информацию по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и финансовые инструменты, в которые размещены пенсионные активы Фонда, на официальном сайте www.enpf.kz.

ЭТО ИНТЕРЕСНО

В ЗООПАРКЕ ГОНКОНГА УМЕР САМЫЙ СТАРЫЙ В МИРЕ САМЕЦ БОЛЬШОЙ ПАНДЫ ИЗ СОДЕРЖАЩИХСЯ В НЕВОЛЕ. КАК ГОВОРИТСЯ В СООБЩЕНИИ, ОПУБЛИКОВАННОМ 21 ИЮЛЯ НА САЙТЕ ПАРКА РАЗВЛЕЧЕНИЙ OCEANPARK, МЛЕКОПИТАЮЩЕМУ ПО КЛИЧКЕ АНЬ-АНЬ БЫЛО 35 ЛЕТ, ЧТО СООТВЕТСТВУЕТ 105 ЧЕЛОВЕЧЕСКИМ ГОДАМ.

УМЕР САМЫЙ СТАРЫЙ САМЕЦ ПАНДЫ

Состояние панды-долгожителя стало ухудшаться несколько недель назад. Самец ел всё меньше, пока вовсе не отказался от твердой пищи. В итоге сотрудники OceanPark приняли решение усыпить животное, чтобы не продлевать его мучения.

«Ан-Ан подарил нам приятные воспоминания о множестве согревающих сердце моментов. Нам будет очень не хватать его сообразительности и игривости», — говорится в сообщении.

Ан-Ан жил в OceanPark с 1999 года, когда его привезли туда вместе с самкой Цзя-Цзя в качестве подарка от китайского правительства. Цзя-Цзя тоже оказалась долгожительницей и прожила 38 лет, скончавшись в 2016 году. Теперь в парке осталась одна пара панд.

Панды считаются «пожилыми» после того, как им исполняется 20 лет, эти млекопитающие редко живут дольше 30 лет. До смерти Ань-Ань старейшим в мире самцом большой панды считался Паньпань — он скончался в 2016 году в возрасте 31 года.

Бейсенбі - Четверг, 4 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.15 «Жәдігер»
06.30, 01.40 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.10 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
08.20 М/х «Сақшы арыстан»
09.00 Т/х «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.30 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00 Д/ф «Тұлға»
15.35, 02.50 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»
02.30 Д/ф «Мұра»

ХАБАР

05.00 Т/с «Один сундук на двоих»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Осечка»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бақталас»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 «Один сундук на двоих», «Акварели»
18.00 Мегахит «Нокаут»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Чосонның жаңа күні»
13.40 «Киелі бесік»
14.30 Т/с «103»
15.00 «Громовы. Дом Надежды»
16.00, 01.25 Т/с «Вопреки всему»
17.00 «Жан Олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.05 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
02.20 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 Пусть говорят
12.05 Т/с «Отчаянные»
13.05 «Семейный альбом»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Реализация-2»
00.50 «Спецназ»
02.00 Новости
02.10 «Паутина»
02.55 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.05 «Тамаша City»
03.50 «Басты жаңалықтар»
04.15 «Паутина»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.20 «Курорт цвета хаки»
13.10 «ШЕФ»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Курорт цвета хаки»
01.30 «Игра. Реванш»
02.10 «САОДАТ»
03.15 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинская область)
11.00 «Бүгін»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен» (концерты)
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 02.40 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Жазықсыз жандар»
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 00.10 Т/с «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
11.00, 12.00 Т/с «Отель Элеон»
13.10 Х/ф «Дэнни цепной пес»
15.50 Х/ф «Близнецы»
17.50 «Хроники хуаду: Лезвие розы»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «Особо тяжкое преступление»
01.00 What s upp?
02.00 Т/с «Базарбавтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.20, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Т/с «Балабол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 23.50 «Полицейский с рублевки»
17.20 Т/с «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 5 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.00 «Жәдігер»
06.30, 01.40 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.10 «Ақпарат»
08.00 «Көңіл толқыны»
08.20, 17.15 Мультхикая «Сақшы арыстан»
10.10, 18.00 Телехикая «Гүлдер құпиясы»
12.00,13.10, 20.30 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен…»
15.00 Деректі фильм «Тұлға»
15.35, 02.30 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00 Т/с «Один сундук на двоих», «Акварели»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Нокаут»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бақталас»
15.00 «Алтыбақан»
18.00 Мегахит «Линия родства»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Қыран текті Талғат Бигелдинов»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 Т/х «Чосонның жаңа күні»
13.40 «Киелі бесік»
14.30 Т/х «103»
15.00 Т/с «Громовы»
16.00, 01.25 Т/с «Вопреки всему»
17.00 «Жан олжа»
17.35 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
18.30 Т/х «Ене»
19.25Т/х «Диназаур»
20.00, 03.05 «Астана таймс»
20.30 Т/х «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
02.20 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша сити»
07.00, 02.10, 03.05 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05 Т/с «Отчаянные»
13.05 Т/с «Семейный альбом»
14.10, 02.00 «Новости»
14.20, 02.55 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.35 Басты жаңалықтар
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 Т/с «Березовая роща-2»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 реалити шоу «Ақ мама»
09.25 Крим.драма «Чума»
11.20Х/ф «Курорт цвета хаки»
13.10 Мелодрама «Шеф»
15.00, 03.35 «Көріпкел»
15.50, 02.20 Т/х «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.30 Мелодрама «Игра в судьбу»
01.40 Х/ф «Игра.Реванш»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «AgroLife»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 « Әзіл студио»
06.30 Деректі фильм «Жазықсыз жандар»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 20.00 «Информбюро»
08.30, 00.00 Т/с «ХАНШАЙЫМ»
09.30, 21.00 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
10.50, 12.00 Т/с «Отель «Элеон»
13.00 Х/ф «Хроники Хуаду:лезвие розы»
15.35 Х/ф «Особо тяжкое преступление»
17.55 Х/ф «Жажда смерти»
21.55 Х/ф «Обитель зла-3»
01.00 Т/с «Базарбаевтар»
01.40 «1001 әзіл»
02.00 «31 әзіл»
04.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 02.30 «Оян, Қазақстан!»
07.20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.20, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 «Маска»
11.00, 19.30 Т/с «Балабол»
13.20 Т/х «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 Т/с «ГАДАЛКА»
16.10, 23.50 Т/с «Полицейский с рублевки»
17.20 Т/с «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені»
03.00 «Тамаша»
04.00 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 6 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 02.10 «Теледәрігер»
07.30 Ақпарат
08. 00, 03.00 «Дәуір даналары» д/ф
08.45, 01.10 «Көңіл толқыны»
09.20, 14.10 Мультхикая
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Әзіл әлемі»
15.40 Концерт
17.35, 01.50 Деректі фильм
19.50 К/ф «Титаник»
23.00 Т/х «Өмір ызғары»

ХАБАР

05.00, 16.00 Т/с «Акварели»
07.00 Телехикая «Көршілер»
09.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
10.00 «Таңғы fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино «Кенже»
12.45 Т/х «Бәсеке»
18.00 Мегахит «Полночь на злаковом поле»
20.00 «Айтыстар»
22.00 Концерт «Жұлдыздар құттықтайды»
00.00 Т/х «Бақталас»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 «Шаншар»
15.30 Т/с «Громовы»
19.00 Х/ф «Я-жених»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
00.15 Т/с «103»
01.50 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Той БАЗАР»
07.35 «Той ЗАКАЗ»
08.05, 18.00, 02.20 «П@утина»
09.00 Х/ф «Жена по обмену»
13.00 Т/с «Березовая роща-2»
16.50, 04.35 «Әкемізге қалыңдық»
18.55 Х/ф «Грешник»
20.45 Т/с «Тещины блины»
00.40 «Пираты XX века»

КТК

07.05 Т/х«Үлкен үй»
07.30 «Біздің концерт»
08.30, 03.45 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
10.30 Мелодрама «Игра в судьбу»
15.00, 02.20 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Концерт «Соғады жүрек»
21.00 Мелодрама «Будь что будет»
00.50 Т/с «Игра.Реванш»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Бүгін»
11.30 «AgroLife»
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Поющее дерево» ертегісі
14.30 «Бір туған» телехикаясы
15.30 «Қазақ үні»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 01.50, 05.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Мерген»
12.30 «Алдараспан»
15.00 М/ф
17.30 Комедия «Бизнес по-казахский»
19.30 Х/ф «Пиксели»
21.30 Х/ф «Томв rajoer: Лара Крофт»
00.00 «Bizdin show»
02.30 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 04.30 «Рагина+1»
09.00 «Орел и решка»
10.00 Т/с «Все сначала»
14.30 К/ф «Әйгерім»
17.00, 03.00 Т/х «Тақиясыз періште»
18.30, 01.30 Шоу «Удивительные люди»
21.00 Х/ф «Сила Стихии»
23.00 Шоу «Ну-ка все вместе»

Жексенбі - Воскресенье, 7 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 01.10 «Теледәрігер»
07.30, 02.00 «Зинһар»
08.05 «Көңіл толқыны»
08.30, 16.30 Мультфильм
10.00,18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.35 Концерт
13.15 К/ф «Титаник»
20.00, 02.45 «Тіршілік»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 «Әзіл әлемі»
01.05 «Мұра»
03.15 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 16.00 Т/с «Акварели»
07.00 Т/х «Көршілер»
09.00 Концерт
11.00 Кино «Кенже»
12.45 Т/х «Бәсеке»
18.00 Мегахит «Полночь на злаковом поле»
20.00 «Айтыстар»
22.00 «Тарих.Тағдыр.Тұлға»
23.00 Т/х «Бақталас»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/с «Күлпаштың хикаялары»
18.10 «Алдараспан»
16.00 Т/с «103»
19.40, 01.40 Т/х «Тик-ток хаус»
21.00 «Жылама, ана» телехикаясы
23.35 Х/ф «Я-жених»
02.50 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.15 «Той базар»
07.25 «Той заказ»
07.55, 02.30 «П@ytina»
08.50 «Воскресные беседы»
09.00 Т/с «Тещины блины»
12.50 Т/с «Папа напрокат»
16.50, 04.45 «Әкемізге қалыңдық»
18.55 «Пусть говорят»
20.30 Т/с «Бесценная любовь»
00.45, 01.00 «Три аккорда»

КТК

07.05 «Шәмші әндерінің кеші»
08.30, 03.45 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
11.20 Т/с «Будь что будет»
15.00, 02.10 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Концерт
21.00 Т/са «Нарисуй мне маму»
00.40 Детектив «Одиночка»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «QR.kz»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Құйынды мекен» телехикаясы

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00, 02.40 «Тамаша live»
08.00, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 «Ералаш»
10.30 М/ф «Маша и медведь»
11.00 Мультфильм
13.30 Кино «Бизнес по-казахски»
15.40 Х/ф «Пиксели»
17.50 Х/ф «Томв Rajoer: Лара Крофт»
20.20 Х/ф «Клаустрофобы»
22.20 «Алдараспан»
01.00 «Мерген»
03.30, 05.30 «What`s up?»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 13.20, 03.00 Концерт
09.00, 01.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11.10 Х/ф «Сила стихии»
13.10 «Q-елі»
17.40 Шоу «Один в один»
21.00 Т/с «Все будет хорошо»

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД
Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗҚ өзекті сұрақтарға жауап береді

1) Сәлеметсіз бе! БЖЗҚ-да менің зейнетақым қалай қалыптасатынын түсіндіре аласыз ба? Барлық жинаған қаражатым маған бір рет төленеді ме?

Жеке зейнетақы шотында жинақталған жинақ зейнет жасы келген кезде бір рет төленбейді. Зейнеткерлер оларды кесте бойынша ай сайын мемлекеттік бюджеттен төленетін зейнетақы төлемдерімен (базалық және ортақ зейнетақымен) бірге алады. БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлем мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен көзделген Әдістемеге сәйкес есептеледі.

Осы Әдістемеге сәйкес зейнеткерлікке шыққан бірінші жылы БЖЗҚ ай сайынғы төлемін есептеу келесідей болып табылады; Жеке зейнетақы шотындағы жинақ сомасы зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесіне көбейтіледі – 6,5% және 12-ге бөлінеді.

Мысалы, 9 000 0000 теңге жинақталған. 9 000 000*6,5%= 585 000 теңге. Бұл БЖЗҚ-дан берілетін жылдық төлемдер сомасы. Біз оны 12 айға бөліп, аламыз: 585 000/12 ай.= 48 750 теңге.

Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері жыл сайын зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне – 5%-ға ұлғайтылатын болады.

Біржолғы Зейнетақы жинақтарын, егер алушының өтініш берген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана алуға болады (01.04.2022 жылдан бастап – 576 384,00 теңге = 12 * 48 032,00).

2) Сәлеметсіз бе! Уақытша қиындықтарға байланысты менің жұмыс берушім біраз уақыт жалақы төлемеді. Егер мен ресми түрде жалданып жұмыс жасасам, алдыңғы айларда өзіме міндетті зейнетақы жарналарын аудара аламын ба? Мен алғым келетін несиені мақұлдағанды қалаймын.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын салымшылар салымшының агенті, яғни жұмыс беруші аудару арқылы төлейді. Бұл ретте «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аудару арқылы өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын мынадай жеке тұлғалар ғана төлей алады:

- жеке кәсіпкерлер;
- жеке нотариустар;
- жеке сот орындаушылары;
- адвокаттар;
- кәсіби медиаторлар;
-азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар;
- бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер.

Осылайша, егер сіз жоғарыда аталған тұлғалар санатына жатпасаңыз, онда МЗЖ есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотын өз бетінше толтыру мүмкін емес.

3) **Мен өмірден озып кеткеннен кейін жинақтарым жай ғана «күйіп кетеді» деп алаңдаймын. Ал оны жалғыз ұлыма қалдырғым келеді. Айтыңызшы, адам қайтыс болғаннан кейін зейнетақы жинақтары не болады?**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның (бұдан әрі – заң) 31, 32 және 33-баптарында міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады деп айқындалған.

Бұдан басқа, заңның 50-бабы 5-тармағының ережелеріне сәйкес алушы, сондай-ақ, зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді, ол республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, бірақ жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) қаражаттан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Төлем түріне, оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне (өзі келгенде/пошта байланысы құралдары/үшінші тұлға арқылы жүгінген кезде) байланысты қажетті құжаттардың өзекті тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініштер бланкілері және төлем валютасының түріне қарай оларды толтыру үлгілері, сенімхаттар үлгілері, БЖЗҚ-мен байланыстар Қордың мына мекен-жайы бойынша орналасқан: www.enpf.kz.

БЖЗҚ салымшылары өз жинақтары туралы ақпаратты қалай алады?

Өзінің жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірме алу – БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) заң жүзінде бекітілген құқығы. Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты келесі тәсілдермен алуға болады:

электрондық тәсілмен:

- БЖЗҚ-ға ұсынылған электрондық пошта арқылы;
- жеке кабинет арқылы;

БЖЗҚ кеңсесіне тікелей өзі келгенде;

пошта байланысы арқылы.

Бәрінен де enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы хабарлау әдісі ең көп сұранысқа ие. Бұл хабарлау тәсілін 6,3 млн-нан астам ЖЗШ иесі пайдаланған, аталған көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 20 есеге артық.

Зейнетақы жинақтарының ахуалы туралы ақпаратты қашықтан алудың тағы бір форматы – салымшы (алушы) өзі таңдаған кестеге сәйкес (ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын) БЖЗҚ-ға ұсынған мекенжайға ЖЗШ-дан үзінді-көшірме алу. Қазіргі уақытта кесте таңдалмайды, әдепкі жағдайда жыл сайын деп белгіленеді.Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығының басында 800 мыңға жуық адам хабарлаудың осы тәсілін таңдады.

Қазір БЖЗҚ-да зейнетақы жарналарының барлық түрі бойынша ЖЗШ өтінішсіз ашылуда. ЖЗШ ашқан кезде БЖЗҚ-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәсілі «БЖЗҚ-ға өзі келіп өтініш жасаған кезде» деп автоматты түрде белгіленеді, оны салымшы (алушы) өз бетінше өзгертуге құқылы.

Ақпарат алу тәсілін анықтау немесе өзгерту мақсатында салымшы (алушы) тиісті келісімді БЖЗҚ кеңсесінде немесе БЖЗҚ сайтында жасауы қажет. Ескере кететін жәйттар:

- БЖЗҚ сайтында бір ғана – «жеке кабинет арқылы» хабарлау әдісін таңдауға болады;
- салымшы (алушы) ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның сайты мен мобильді қосымшасы және электрондық үкімет арқылы келісім жасаспай-ақ ала алады.

Бөлімшеге келіп тікелей жүгіну тәсілі әлі де танымалдығын жоғалтқан жоқ. БЖЗҚ кеңселерінде 3,1 миллионнан астам салымшы жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алды.

Дәстүрлі пошта байланысы арқылы ЖЗШ-дан үзінді көшірмесін алуды жөн көретін салымшылардың (алушылардың) саны айтарлықтай азайған – шамамен 1 млн. Мәселен, 2014 жылдың маусымында бұл көрсеткіш 4 млн-ға жетіп, қазіргіден 4 есе көп болатын. Ескерте кететін жәйт, егер салымшы (алушы) осындай хабарлау тәсілін таңдаса, БЖЗҚ міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістерді, оның ішінде тұрғылықты мекенжайының өзгергені туралы хабарды күнтізбелік 10 күн ішінде Қорға хабарлауы қажет.

Зейнетақы жарналарының уақытылы аударылғанына сенімді болып, әрі өз болашағыңызды жоспарлау үшін зейнетақы жинақтарын өзіңізге ыңғайлы кез келген тәсілмен үнемі тексеріп отыру қажеттігі жөнінде БЖЗҚ тағы да ескертеді.

28 маусым 2022 жыл

БЖЗҚ салымшылары Қор жұмысының ашық екеніне көз жеткізді

Ашық есік күні Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары мен алушылары үшін дәстүрлі іс-шараға айналып үлгерді. Салымшылар мен алушыларға ыңғайлы болу үшін біздің қызметкерлер оны тағы да виртуалды кеңістікте өткізді.

Кез келген адамның үйінен шықпай-ақ онлайн платформа арқылы іс-шараға қосылып, Ашық есік күніне қатысу мүмкіндігі болды. Басты тақырып – «Зейнетақы активтерін басқару: Зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланады?».

БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарының үздіксіз инвестицияланып, салымшыға жұмыс істейтіні белгілі. Өткен жылдың өзінде ғана 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі таза инвестициялық табыс есебінен зейнетақы жинақтарының өсімі 1,4 трлн теңгеге жетті. Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік – 8,4% инфляция кезінде 11,13%. Инвестициялық табыс құрамына бағалы қағаздар (салымдар мен басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі табыс, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау түріндегі табыс, валюталық қайта бағалау түріндегі табыс, сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс және т.б. кіретінін еске саламыз.

Іс-шара қонақтары салымшылардың зейнетақы жинақтарының сомасы апта сайын зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесіне сәйкес қайта есептелетінін және қайта бағаланатынын, ал инвестициялық табыс құрамына бағалы қағаздар (салымдар мен басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі табыс, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау түріндегі табыс, валюталық қайта бағалау түріндегі табыс, сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс және т.б. кіретінін білді. Инвестициялардың 2/3 бөлігіне жуығы теңгемен және 1/3 бөлігіне жуығы шетелдік валютамен, валюталық инвестициялардың басым бөлігі АҚШ долларымен орналастырылған. Қаржы құралдарының құны мен валюта бағамдары үнемі құбылып отыратындықтан, нарықтық және валюталық қайта бағалаудан түсетін табыс бөлек алған кезеңде жағымды болуы да, жағымсыз болуы да мүмкін.

Зейнетақы жинақтарының **ұзақ мерзімді инвестициялар** екенін және инвестициялық табыс мөлшерін кемінде бір жылдық кезең үшін сараптаған дұрыс екенін атап өтейік. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) көрсеткіш бола алмайды, себебі нарықтық жағдайдың тұрақты ағымдағы өзгерістеріне байланысты.

Қор мамандары БЖЗҚ салымшыларының өз жинақтарының бір бөлігін Ұлттық банкпен қатар инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) компанияларға аудара алатынымен бөлісті. Қазір БЖЗҚ төрт ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасады. БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алған соң ИПБ да оларды рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайтынын еске саламыз.

Жалпы, ҚР Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес мемлекет зейнетақы жинақтарын зейнетақы төленіміне құқық алған сәттегі инфляцияны ескеріп сақтау кепілдігін қамтамасыз етеді. Әлемнің ешбір елінде жоқ бұл норма салымшылардың жинақтарын инфляциядан сақтауға көмектеседі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ету бойынша кепілдігімен алмастырылады.

Еліміздің барлық жерінде іс-шараға көп адам қатысты. Әрбір қатысушы Ашық есік күнін өткізудің электрондық форматын жақсы бағалап, көпшілігі БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпаратты және Қордың зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдарын www.enpf.kz ресми сайтында өз бетінше зерттеуге ниет білдірді.

МАМАН МІНБЕРІ

ОРТАҚ ІСКЕ ҮЛЕС ҚОСАЙЫҚ

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, мерейін тасыту жолында егемен елімізде іргелі істер атқарылып жатыр. Бодандық заманда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіз мемлекет болғалы бері қызу қолға алынды.

Бұған көп ұлттың өкілдері мекендейтін – достық зертханасы атанған Қазақ елінде мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылатыны да айқын дәлел. Бұл жөнінде еліміздегі қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңда, мемлекеттік тілді дамыту және оның қолдану аясын кеңейту туралы Мемлекеттік бағдарламаларда да баса айтылған.

Ана тіліміздің абыройын асқақтату жайлы тілге тиек еткенде мынадай басты қағидаларды еске сала кеткеніміз жөн болар. Атап айтсақ, тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. Адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады. Өйткені, ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенетіні де ақиқат. Сондықтан бүгінгі таңда егемен еліміз жыл өткен сайын өркендеп, дамып отырған кезеңде мемлекеттік тілдің де тұғыры нығайып, мәртебесі биіктей түсері даусыз. Бұған Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Ұлытауда өткен құрылтайда сөйлеген сөзінде қазақ тілінің мәселесі жайлы айтқан сөздері жарқын дәлел болса керек. Атап айтқанда Президент: «Мемлекеттік рәміздерімізге, ана тілімізге деген құрмет әрқашан жоғары болуға тиіс. Қазақ тіліне қатысты алаңдаушылық елдегі жағдайды дұрыс түсінбегеннен туындап отыр. Шын мәнінде, бұрынғы ахуал мен қазіргі кезеңді мүлде салыстыруға келмейді. Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр.

Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Бірақ, бұл жеткілікті емес. Сондықтан, қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғаза жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді. Бұған ешқандай күмән болмауы керек», - деп мәлімдеді. Демек, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, мәртебесін өсіру жолында әрқайсымыз өзіндік үлесімізді қоссақ нұр үстіне нұр болар еді.

Бақытқүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық сотының
кеңсе меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨМІР-ӨЛЕҢ

ТАҒДЫР СЕНІҢ ЖОСПАРЫҢА ҚАРАЙ МА?

Жангелді Немеребай, Алматы облыстық Жазушылар Одағының орынбасары. «Аққайнар сезім», «Қар гүлдері», Ай-туған сәт» жыр жинақтарының авторы. Республикалық, Халықаралық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ақтаңгер ақынның жыр топтамаларын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

БҰЛ КӨҢІЛ

Бұл көңіл – найзағайдай жарқылдауық,
Бұл көңіл – кетпейтұғын әркімге ауып.
Жалт қарап жасын қыздың жанарына,
Жан - жүрек өртке айналып барады да.

Осылай тағдыр гүлін сыйлай ма екен?
Осылай бақыт беріп қинай ма екен?
Ол бақыт – шаттық емес айқындайтын,
Ол бақыт – еш пендеге айтылмайтын.

Байланып қызыл жұлдыз кірпігіне,
Айналып кетеді екен күн түніне.
Бұл көңіл –найзағайдай жарқылдауық,
Бұл көңіл – кетпейтұғын әркімге ауып.

Толқыншаш қалар деуші ем мәңгі есімде,
Толқынды кетеді екен толқын жауып ...

* * *

Шыңымен ешкім таласа алмайтын,
Арман бар екен аласармайтын.
Жылу бара екен гүлді аша алмайтын,
Сұлу бар екен сырласа алмайтын.

Бұлақ бар екен мөлдіремейтін,
Жүрек бар екен елжіремейтін.
Ақын бар екен өлең жазбайтын,
Ақым бар екен терең қазбайтын.

Көңіл бар екен жетім өлетін,
Өмір бар екен екі келетін...

* * *

Шашылып жатса дағы жан шапағы,
Жүрегім әлденені аңсатады...
Ешқашан айтылмаған жаңалық бар,
Жүйкеңді сол "жаңалық" шаршатады.

Болғанда сенім - селкеу, ойың-жалған,
Арман да сұйылады қоюланған.
Адамның жауыздығы еске түссе,
Күлкің де қашады екен уайымдаудан.

Кей кездетүлкіге де сене кеткен,
Кей кезде қауіптенген көбелектен.
Бұлшақта "сері" болған күні құрсын,
Қиялмен аңғалдығын өлең еткен...

* * *

Сіз кеше ауылға кеткенде,
Қалаға бір Сәуле тамған ...
Бір хабар оған да жеткен бе ,
Кім екен қоңырау шалған?
Сіз жоқта ғарыштың Үр қызы,
Көздерін қадады маған.
«Сенен де асқан нұр жұлдызы,
Сүйгенім бар» - дедім оған.
Сол түні Тылсыммен тілдестім,
Сөйлестім бізге ортақ тілмен.
Ол айтты : Ақиқат – бұл бес күн,
Мынау жұрт жалған деп жүрген.
Жаратқан шын болса ғаламды,
Сезім де Тәңірден шашу.
Сіз келіп құлпыртып санамды,
Жүрекке айттыңыз басу.

СУРЕТ СЫРЫ

Сияқты қайырмасы тәуір әннің ,
барады басымыздан ауып әр күн.
Мен сені жолықтырған кезде түскен,
былтырғы суретімді тауып алдым.

Бұл бейне – сол бір шақпен құрдас екен,
бұл бейне – мөлдір сәтпен сырлас екен.
Сурет пен сонда туған сезімге де,
дәл бүгін бір жас екен.

Өткенді іздеу барда, сұрау барда,
Көңілден болады екен жыр аулауға.
Суретке сен түсірген күн жақсы еді,
Суретке түспегелі жыл ауғанда?!

* * *

Келер жерге еркін келіп бір демде,
Шөл көркіңнен толқын көріп_күлгенде,
Сеніміме серпін беріп жүргенде,
Мезгіл ауып кетіпті.

Боз шабыт та келген шақта кемелге,
Құстар әнін үйлестіріп өлеңге,
Сол әуенге атыңды енді берерде,
Бұлбұл ұшып кетіпті.

Бал рахатты кешейін деп жалғанда,
Бар жұмбақты шешейін деп қалғанда,
Сен де, мен де жүрген кезде армандап,
Сезім үркіп кетіпті ...

ӨМІР ЖОЛЫ

Өміріннің өз жолы бар қалайда,
Тағдыр сенің жоспарыңа қарай ма?
Өткен күнді ұмытпауға болады,
болашақты болжау қиын алайда.

Ерегеспе, мейлі онымен ерегес,
қалауынсыз шаттығына бөлемес.
Тілегенмен ғұмырыңда басқа өмір,
Тағдыр сені таңдайды екен...
Сен емес.

Арманына жеткен бар ма шаршамай,
өткен шақты өткен бар ма аңсамай?
Тағдыр - сыншы сені қалай таңдаса,
Махаббат та дәл солай.

Жету үшін бағыт алған мәреңе,
Өмір сараң, оңай олжа бере ме?
Дұрыс жолмен, бұрыс жолмен жүрсең де,
сүрінесің о, неге?

* * *

Қуаныштың ішінен қайғы көрдім,
Кедейден де ең кедей байды көрдім.
Мән бермеуші ем табиғи тылсымдарға,
Бұлтсыз түнде жоғалған айды көрдім.

Ақын көрдім артында сөз қалмаған,
Әкім көрдім қол үшін созған маған.
Батыр көрдім орденге толған төсі,
Ұлтқа қауіп төнгенде қозғалмаған.

Аға көрдім санасы балаға тең,
Қазы көрдім шешімі шала, бөтен.
Көшіп жүрген қазақты күнде көрем,
Ал, көшпейтін сыған да болады екен.

Бір дос көрдім өкпешіл болмашыға,
Бір дос көрдім мәңгі адал жолдасына.
Дұшпан көрдім сын сәтте қарайласқан,
Досы болар біреудің ол да сірә.

Жамандықтан жүрегім жериді шын,
Жақсылыққа елжіреп ериді ішім.
Өмір болса көрерміз, көрмегенді,
Келер ұрпақ көрсе екен тек игісін!

* * *

Көлеңке түспей тұрмас жамалыңа,
Өкпе артып не қыласың заманыңа.
Қыстың да көздерінде жылылық бар,
Үңілсең әппақ әлем жанарына.

Қадірін ұғар болсаң фәнидің сен,
Лауларсың жігеріңді жани жүрсең.
Әркімнің бойында бір ұлылық бар,
Сырласып жан-жүрегін тани білсең.

Тағдырдан тиер талай өз үлесің,
Жандарға алуан түрлі кезігесің.
Надандық бар екенін көрген кезде,
Өлшемін адамдықтың сезінесің.

Арманға жеткен кімдер, шөккен кімдер?
Адам да сияқты ғой еккен гүлдер.
Аңсаудан тұрса дағы мынау өмір,
Сағыныш болмас барлық өткен күндер.

Қызыл күн мұнарлатып батқанда да,
Бақ қонар сәт болады ақ таңда да.
Ешқашан адам жұлдыз болған емес,
Болады тек жұлдызды шақтар ғана...

* * *

Мен кеше жарқ-жұрқ еттім, болып ұшқын,
Мен кеше рухын сездім долы күштің.
Әкемнің көзін көрген қарттарменен,
Ерекше сезімдермен жолығыстым.
Мені олар кенжесіндей еркелетті,
Жанымды жадау жүрген көркем етті.
Әкемнің жақсылығын жарыса айта,
Дейді олар: «жүре тұрмай, ерте кетті»
Біреуі әзіл айтып тамсандырды,
(Біреуі басқарып тұр «ансамбльді»)
Біреуі домбырасын маған сыйлап,
Біреуі жыр оқытып, ән салдырды.
Ақ жаулық апалар да сұңғылалы,
Ерекше гүл көңілмен жүрді бәрі.
Әуенін тойбастардың тамылжытты,
Анамның сырлас болған құрбылары.
Сол кеште көңілімді көрікті еттім,
Сол кеште мәрт бабама еліктеппін.
Әкемнің досы берген қошақанды,
Досымның баласына беріп кеттім ...

* * *

Бірін-бірі іздемеген, іздеген,
Бір болудан үміт үзген ,үзбеген.
Сағыну мен жалығудың арасын,
Біз сияқты еткен бар ма, ізгі өлең ?

Біздің сезім – таудан аққан тұмадай,
Жарқырайтын төккен сайын күн арай.
Біздің сенім – ескірмейтін, тозбайтын,
Жартастағы күнге піскен қынадай .

Арамызда қардай аппақ ар тұр - ау,
Ар деген ол – адалдықты шарпымау.
Екі жылда екі - ақ минут тілдессек,
Жетер ме еді?
Әй, соның өзі артық - ау...

ҰМЫТШАҚПЫН

Белінен аспай жатып жігіт шақтың,
Кей кезде ұмытшақпын.
Қызық пен кешегі өткен сайран шақтар,
Еске де түсер емес дұрыстап тым.
Тұратын Талдықорған шығысында,
Ойымда елдегі дос, туысым да,
Ойымда «Асыл өзек», бір сұлу қыз,
Тек қана біз барған сай...
Тіл ұшында.
Біреулер «ұмытшақ» -деп күліп тұрды,
Мен бірақ ұмытпаппын қылықтымды.
Есімін талай қыздың сақтаған ем,
Ех, соның бәрін бір жан ұмыттырды.
Есімнен шыққандарға кешір дедім,
(О, қайран, қабілетім есіл менің)
Олар да мені ұмытып кетті ме екен,
Жырымнан іздей ме әлде есімдерін ?
Кездессек танып мүмкін қарайды олар,
Әлі де ғашығына балай қарар.
Ұмыту деген нәрсе жақсы емес-ау,
Ұмытса мені бір жан қалай болар?!

АҒАЛАР

Қапасқа күннің түскен жарығындай,
Әр сөзі өсиет пен тағылымдай.
Мақтауын ел асырып жатса-дағы,
Құрыштың бұзылмайтын қалыбындай.
Жарлыға қолындағы барын берген,
Атымтай мәрт қазақтың нар ұлындай.
Дүр үні арғымақтың арынындай,
Білімі қарағайдың тамырындай.
Ақылы тау суының ағынындай,
Нақылы сақ бабалар сарынындай.
Ашуы құйын соғып өткеніндей,
Қайыры ну орманның қалыңындай.
Сезімі жанартаудың жалынындай,
Төзімі Пайғамбардың сабырындай
Аманда болсын ағалар!

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«ЛУЧШИЙ ТОВАР КАЗАХСТАНА»

ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ОБРАЗЦОВЫХ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ

Сейчас по всей республике идут региональные конкурс-выставки «Лучший товар Казахстана», где отечественные товаропроизводители могут подтвердить свои достижения в области качества и представить продукт на выставке товаропроизводителей. Об условиях конкурсов и возможностях для бизнесменов рассказал директор Палаты предпринимателей города Алматы Айтуар КОШМАМБЕТОВ.

– Айтуар Аскарович, расскажите о конкурсе-выставке «Лучший товар Казахстана».

– Конкурс «Лучший товар Казахстана» проводится для того, чтобы определить образцовых производителей внутреннего рынка. Одна из целей конкурса – работатьна повышение качества отечественной продукции, содействовать насыщению рынка Казахстана высококачественной и конкурентоспособной продукцией. Накануне Президент Касым-Жомарт Токаев поручил Правительству совместно с Палатой «Атамекен» выработать предложения для запуска общенационального проекта «Сделано в Казахстане». Хочу отметить, что в этом направлении конкурсы «Алтын сапа» и «Лучший товар Казахстана» отражают реальный потенциал казахстанских производителей.

– На что нацелены конкурсы?

–В нынешних рыночных условиях для каждой компании крайне важно состояться как бренд. Есть множество возможностей продвигать бренда, которыми компании отлично пользуются, развиваются. Но, если бренд новый и пока неизвестен, такие площадки как конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана» могут сработать как трамплин для роста. Принимая участие в конкурсах, компания выходит на новый этап развития, подтверждает соответствие стандартам качества, согласно требованиям конкурсов, получает возможность представить свой продукт на большой выставке отечественных товаропроизводителей. Цель конкурсов – это, прежде всего, помочь казахстанским компаниям увеличить долю местного содержания.

– В связи с пандемией, конкурс «Лучший товар Казахстана» не проводился целых два года. Не повлияло ли это на количество заявок?

– Несмотря на двухлетний перерыв, алматинские предприниматели активно используют возможности конкурса. Заявки на участие подали порядка 100 алматинских компаний.

– Что дает компаниям участие в конкурсах?

– Участники конкурса, удостоенные званий лауреатов премии, получают право использования эмблемы премии в рекламных целях в течение четырех лет после присуждения премии. Участникам конкурса, удостоенным званий лауреатов премии, вручаются: соответствующий диплом, эмблема конкурса и денежное вознаграждение.

– Когда пройдет региональная выставка в Алматы?

Региональный конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана» по городу Алматы пройдет 29-31 июля. Гостей конкурса-выставки ждет концертная программа и все три дня выставки розыгрыш ценных призов.

Традиционно будут выбраны лучшие товаропроизводители в трех номинациях: «Лучшие товары производственного назначения», «Лучшие товары для населения», «Лучшие продовольственные товары». В каждой номинации определяются по три победителя. Мероприятие пройдет с участием акима города Алматы Ерболата Досаева.

На региональном уровне участие в выставках – обязательно. Затем победители региональных конкурсов проходят в финал на республиканский уровень, где определяют сильнейших и присуждают главные призы. Премию вручает Президент Казахстана.

Я бы хотел заступиться за наш бизнес, когда говорят, что в Казахстане нет заводов и фабрик и мы даже носки не производим. Отечественное производство растет, помимо продуктов отличного качества, у нас открываются различные производственные предприятия. Хочу призвать жителей и гостей Алматы посетить региональную выставку «Лучший товар Казахстан» и самим в этом убедиться. Просто, наше производство нужно поддержать всем нам, во всех уровнях. Сегодня, в любом супермаркете, начиная с бытовой химии, заканчивая мебелью, можно найти товар с этикеткой «Сделано в Казахстане».

Выбирая отечественный товар, мы с вами вносим вклад в импортозамещение, развиваем местное производство, помогаем созданию новых рабочих мест, работаем на общую большую задачу.

Наш корр.

МОШЕННИЧЕСТВО

ОБМАНУЛА СОТНЮ КАЗАХСТАНЦЕВ НА 90 МЛН.

Ловкая мошенница обманула сотню казахстанцев на 90 млн. Местная жительница воспользовалась ажиотажем с сахаром.

Как передает Sputnik, женщина обманула более 100 человек в Восточном Казахстана, продавая им несуществующий сахар. Она организовала бойкую торговлю благодаря сарафанному радио: люди сами рассказывали о ней друг другу, сообщает КТК.

Сначала женщина и правда продавала сахар, а потом, получая оплату, просто исчезала.

Полиция уже установила ее личность. Известно, что женщине 29 лет.

Тем временем заявления от пострадавших продолжают поступать. Аферистка смогла заработать 90 млн тенге (186 тыс. долларов). Ей грозит до семи лет лишения свободы.

СДЕЛАТЬ ПРАВА БЕЗ ЭКЗАМЕНОВ

Как передает Nur.kz, сделать права без экзаменов обещал мошенник жителям Северо-Казахстанской и Акмолинской областей, сообщается на официальном медиа-портале МВД Polisia.kz.

Как отметили стражи порядка, попытка приобрести водительское удостоверение в обход установленных процедур противозаконна. Тем не менее, есть те, кто согласен на такой шаг, именно такие люди попались на уловки мошенника. В СКО и Акмолинской области 16 человек лишились своих денег в обмен на обещание «сделать права» без экзаменов. Обещанного потерпевшие не получили. Один из них обратился в полицию. После, в результате оперативно-розыскных мероприятий, полицейскими был установлен подозреваемый — 34-летний житель Кокшетау. В настоящее время он содержится в следственном изоляторе.

По данному факту расследуется дело по статье «Мошенничество». Установлена причастность данного гражданина к 16 эпизодам, отметили в полиции.

«Первый из цепочки потерпевших сообщил, что подозреваемый связался с ним по объявлению в интернете о продаже автомобиля, и в разговоре упомянул возможность незаконного получения документов. Сельчанин согласился, впоследствии поделился контактом со знакомыми», — рассказал начальник ОП Тайыншинского района Нурлыжан Актанов.

Суммы ущерба начинались с 65 тыс. тенге, отметили в полиции.

ПРЕСТУПЛЕНИЕ

ПОСАДИЛИ НА 10 ЛЕТ ЗА НАРКОТИКИ

В Петропавловске суд приговорил распространителя наркотиков к 10 годам колонии, сообщает Петропавловск.news. В феврале 20-летний житель города был задержан сотрудниками управления по противодействию наркопреступности департамента полиции СКО.

У него изъяли 397,62 гр синтетического наркотика “альфа-PVP”, также известного под названием “соль”. По месту жительства у задержанного полицейские изъяли электронные весы и упаковочный материал. Вес изъятого относится к особо крупному размеру. Как отмечает начальник управления по противодействию наркопреступности департамента полиции СКО Жандос Басыбаев, такого количества наркотиков достаточно, чтобы вовлечь в наркоманию тысячи молодых людей.

Следствием установлено, что молодой человек с сентября 2021 года осуществлял преступную деятельность в качестве закладчика интернет-магазина по продаже синтетических наркотиков. Поддерживая связь через Telegram, он неоднократно принимал особо крупные

партии психотропных веществ и распространял их путем создания закладок. Действовал не только в Петропавловске, но и в городе Рудном Костанайской области. – Напоминаем: данные действия квалифицируются по части 3 статьи 297 Уголовного кодекса РК “Незаконные изготовление, переработка, приобретение, хранение, перевозка в целях сбыта, пересылка либо сбыт наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов” и относятся к категории особо тяжких преступлений. Санкция статьи подразумевает наказание от 10 до 15 лет лишения свободы. Поддаваясь на соблазн легкого заработка в качестве наркокурьера, молодежь рискует попасть в орбиту уголовного преследования, — говорит Басыбаев. Интернет-магазин в настоящее время заблокирован.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАСЖАРҒАН

ҚАЗАҚСТАННАН ПАРИЖГЕ
велосипедпен барған заңып жан

Кейде он екі мүшесі сау бола тұра, сәл қиындық көрсе өмірге өкпе айтып, тағдырына налып жатқан жандарды кездестіреміз. Ал мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қамшының сабындай қысқа ғұмырдың әрбір сәті, әр минуты қымбат. Жарымжан болғанымен олардың бойындағы қажыр-қайрат пен өмірге деген құштарлықты көріп қайран қаласыз. Тағдырдың тауқыметін тартса да, басына түскен алуан түрлі қиындықтарды жеңген, тағдыры өзгелерге өнеге болатын жандардың бірі – Мусрят ЕЛИБАКИЕВ.

Өмір ағысына қарсы жүзіп, қиындығына төтеп берген, байрақты бәсекелерде ел намысын қорғаған кейіпкеріміз 1964 жылы Еңбекшіқазақ ауданы, Қайназар ауылында наурыз айының 5 жұлдызында дүниеге келеді. Ол жарық дүние есігін сау адамдардың қатарында ашады. Отбасының еркесі бір кездері балалық шақтың бал дәуреніне батып, құрбы-құрдастарының ортасында ойнап жүрген қазақтың қара домалақ баласы еді. Мектепте де үлгілі оқушылардың бірі болды. Спорт дейтін сиқырлы өнерді жанына серік етті. Алға қойған мақсаты көп еді. Бірақ, жал-жал толқынды үлкен өмірге қадам басуға аз қалған шақта қос жанарынан айрылады.

Мусрият оныншы сынып оқып жүрген кезінде анасы екеуі үй әктемекші болады. Өкінішке қарай, әк қайнап жатқан бөшке жарылып, көзіне шашырап кетеді. Осы кезден бастап ол соқыр болып қалды. Суқараңғылықтан қорыққан анасы баласын талай жерге апарып емдетеді. Ұлым жазылса екен деп зар илеген ана төрт жыл жан-жақты аралап, ауруханаңың табалдырығын тоздырады. Баласын жазу үшін бармаған жері, баспаған тауы қалмайды. Алайда, бұдан жағдай оңалмаған. Қазақтың қайсар баласы көз жанарынан айырылып, зағип жанға айналды. Бұл параспортшы үшін ауыр соққы болды. Дәрігерлер «көз жанарың енді көрмейді, емделмейді» дегенде асқақ армандары желге ұшып, тауы шағылды. Біраз жыл қамкөңіл күйде жүріп, үйден шықпапты.

Өмірдің заңы қатал, бетпе-бет келген қиындыққа төзе алмай, әлсіздік танытсаң мүжіліп, бұл өмірде бар-жоғың білінбей өтесің де кетесің. Егер ағысқа қарсы жүзіп, күрессең, мақсатыңа қол жетесің. Жарты жолдан жабысқан дерт Мусрятты мүмкіндігі шектеулі жан қылса да, морт сындыра алмады. Жебір ой жігерін жаншып, тынысын тарылтса да, тағдыр талқысы алдында тізе бүкпеді. Өмір жолы тақтайдай түзу емес, сан мың соқпақты жолы бар екенін түсінген Мусрят бойына күш-жігерін қайта жинап, жаңа өмірді бастауға бекінді.

Әуелі ел қатарлы еңбектенейін деп жұмыс іздейді. Көп ұзамай Талғардағы «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігіне жұмысқа орналасады. Осы жерде арнайы уақыт бөліп, тау туризмі, жеңіл атлетикамен айналысады. Спортпен шұғылданып жүріп, аталмыш қоғамдық бірлестіктің спорт саласы бойынша әдіскері қызметіне ауысады. 1991 жылы бапкерлер жұмысқа тоғызқұмалақ алып келіп, көздері көрмейтін жандар үйрене ала ма деп тексереді? Ойы ұшқыр кейіпкеріміз қазақтың ұлттық ойынын тез үйреніп алады. Сол жылы облыстық біріншілік өтіп, Мусрят топ жарады. Алғашқы жарысында жеңіске жеткен спортшы одан әрі шабыт алып, тұрақты дайындыққа кіріседі. 1992 жылы Павлодар қаласында тұңғыш рет көру мүшесі зақымдалған спортшылар арасында ел біріншілігі өтеді. Дүбірлі додада параспортшы тағы да жеңістің желкенін көтереді. Ел намысын арқалаған өрен тоғызқұмалақтан Қазақстанның 9 дүркін чемпионы. 25 жылда бірде-бір республикалық жарыста жеңілмеген. Кемі үздік үштіктің қатарында жүреді. 2011 жылы Прагада өткен халықаралық жарыста қарсылас шақ келтірмей, алтыннан алқа тағады. 2019 жылы көрмейтін жандар арасында халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған тұңғыш спортшы атанады. Әзірге Мусрят – көру мүшесі зақымдалған спортшылар арасында елімізде бұл атақты алған жалғыз спортшы. Сондай-ақ, сегіз қырлы, бір сырлы жан велоспортпен (велотандем) де айналысады. Бір қаладан екінші қалаға велосипедпен барады. Ең ұзақ жолы – Астанадан Парижге 36 күнде барған.

Байрақты бәсекелерде ел абыройын асқақтатқан Мусрияттың жары да спортшы. Екеуі жарыста жүріп танысып, 2011 жылы үйленіпті. Назира Құрмашқызы – көру мүшесі зақымданған спортшылар арасында шахматтан спорт шеберіне үміткер. Бүгінде екеуі 4 ұл тәрбиелеп отыр.

Отбасын құрғаннан кейін қос спортшы еліміздегі мүмкіндігі шектеулі спортты дамыту мақсатында Германиядан Қазақстанға голбол атты спорт түрін алып келеді. Ең бірінші федерация Алматы облысында құрылады. Бүгінде голбол спортынан 13 облыста федерация бар. Мусрят голболдан Қазақстан құрамасының аға бапкері. Осы уақытқа дейін халықаралық дәрежедегі спорт шеберінің ұйымдастыруымен 3 ел біріншілігі өтті. Төртінші Қазақстан чемпионаты тамыз айында өтеді. «Мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа тартсам» деп елімізге жаңа спорт алып келіп, жарыс жасап, мүгедектерді жұмыспен қамтып жүрген жанның еңбегі елеусіз қалмады. Ел спортын дамытуға қосқан үлесі үшін Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Құрмет орденімен марапатталады.

Мусряттың шағын жеке кәсібі де бар. Ол көзі көрмейтін жандарға арнап пластмассадан, ағаштан тоғызқұмалақ, шахмат ойнайтын тақта шығарады. Қазірдің өзінде мүмкіндігі шектеулі 8 адамды жұмыспен қамтып отыр. Спортшының алдағы арманы – мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы голбол спорты олимпиадаға кіріп, қазақ спортшылары Туымызды көкте желбіреткеніне куә болу.

«Өмір қандай болса да, мен оны сүйемін» деген жанның сөзі бізді де бейжай қалдырмады. Тасжарған спортшы жүректі жаншылаған мұңын, басына салған тағдырдың қиындығын жеңе білді. Қилы тағдырдың қиындығын көрсе де, теперішіне қасқая қарсы тұрды. Құлшынысы құлдырамады. Соның арқасында ол сау адамдардың қатарына қосылды. Қайсар жанның өмірде де, спортта да жетістігі көп. Тізгінсіз көңілін сынаққа көндіріп, өмірдің қатал мінезіне шайқалмай, алуан соқтықпалы-соқпақты ауыр жолдардан қайсарлықпен шыңдала өткен жанның өмірі көпке үлгі. Ол әлі талай белесті бағындыратынына сенімдіміз. Өйткені, оның бойында биік те мықты рух бар.

Айдар ҚАЛИЕВ

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

АЛТЫН БҰЙЫРҒАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

АҚШ-тың Юджин қаласында ұйымдастырылған жеңіл атлетикадан XVIII әлем чемпионатының шымылдығы түрілді. «Хейворд Филд» стадионында өткен жаһандық додада дүние жүзінің 192 мемлекетінен келген 2 мыңға жуық спортшы 10 күн бойы 49 жүлде жиынтығын сарапқа салды.

1983 жылы тұсауы кесілген жеңіл атлетикадан әлем чемпионатына Қазақстан құрамасының спортшылары дербес мемлекет ретінде 1993 жылы Германияның Штутгарт қаласында жалауы желбіреген әлем біріншілігінен бастап қатысып келеді. Сол уақыттан бері жерлестеріміз 14 жаһандық додада өнер көрсетіп, 3 күміс, 5 қола медаль жеңіп алды. Атап айтар болсақ, ел қоржынына жүлделерді үш қарғып секіруден Ольга Рыпакова (1 күміс, 2 қола), 100 метрге кедергілер арқылы жүгіруден Ольга Шишигина (1 күміс, 1 қола), онсайыс-тан Дмитрий Карпов (2 қола) және сырықпен секіруден Григорий Егоров (күміс) салған еді.

Осы уақыт аралығында жерлестерімізге әлем чемпионатының күмісі мен қоласы бұйырса да, 29 жыл бойы отандастарымыздың медаль жиынтығында бір алтынның орны ойсырап тұрған еді. Міне, сол олқылықтың орнын Юджинде алғаш өткен әлем біріншілігінде 3 000 метрге кедергілер арқылы жүгіру сайысында өнер көрсеткен Нора Джеруто толықтырды. Финалдық бәсекеде бүкіл елдің үмітін арқалап жарыс жолына шыққан Джеруто алдына жан салмай, АҚШ төрінде Әнұранымызды шырқатты. Бұл Қазақстан үшін жеңіл атлетикадан өткен әлем чемпионаттарындағы алғашқы алтын еді.

Жалпы, Орегондағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасының 12 спортшысы 10 бағдарлама бойынша сынға түсті. Жерлестеріміз арасында ең үздік нәтижеге Нора Джеруто ие болса да, бірқатар атлетіміз АҚШ-та өздерінің жеке көрсеткіштерін жақсарта алды. Мәселен, 400 метрге жүгіру сынында Михаил Литвиннің әлем чемпионатының жартылай финалына жолдама алған алғашқы қазақстандық атлет екенін атап өтуге болады. Ал

35 шақырымға спорттық жүрістен жарыс жолына шыққан Галина Якушева әлем чемпионатында жүлдегерлер қатарына ілінбесе де, аталған қашықтықты 2 сағат 54 минут 50 секундта жүріп өтіп, Қазақстан рекордын орнатты.

Биіктікке секіру бойынша финалда өнер көрсеткен Надежда Дубовицкая медальға қол жеткізе алмағанымен, 196 сантиметрге секіріп, 8-сатыдан көрінді. Жалпы, Надежда Дубовицкая – биікке секіруден әлем чемпионатының финалына шыққан үшінші қазақстандық атлет. Бұған дейін Светлана Залевская (1999 ж) мен Марина Аитова (2007 ж) осындай деңгейге көтерілген еді.

Осылайша, АҚШ-тағы әлем чемпионатында алғашқы алтынын олжалаған Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 22-орыннан көрінді. Бұл – егемендік алған жылдардан бергі әлем чемпионаттары тарихындағы ең үздік көрсеткіш. Сондай-ақ бір алтын жүлде иеленген Багам аралдары, Франция, Португалия, Марокко, Қатар, Словения мен Венесуэла Қазақстанмен қатар жайғасты.

Жалпыкомандалық есепте жарыс қожайындары қатарынан екі әлем чемпионатында топ жарды. АҚШ спортшылары 13 алтын, 9 күміс, 11 қола медаль еншіледі. Екінші орынға Эфиопия құрамасы табан тіреді – 4 алтын, 4 күміс, 2 қола. Бұл – Эфиопияның әлем чемпионаттарында көрсеткен ең үздік нәтижесі. Бұған дейін олар 5-6-орыннан жоғары көтерілмеген еді. Ал үздік үштікті Ямайка түйіндеді – 2 алтын, 7 күміс, 1 қола. Желаяқтар отаны саналатын аталған ел көбіне бестіктен төмен сырғыған емес. Ал 2015 жылы Қытайда ұйымдастырылған жаһандық додада олар Кениядан кейін 2-орынға жайғасқан еді.

Кения жеңіл атлеттері АҚШ-та 2005 жылдан бергі әлем чемпионаттарындағы ең нашар орыннан көрінді. Олар 2 алтын, 5 күміс, 3 қоламен жалпыкомандалық есепте төртінші орынға түсіп қалды. Кейінгі 7 әлем чемпионатында Кения атлеттері үнемі үздік үштіктің қатарынан табылатын.

Бұл жарыста барлығы 22 мемлекеттің Әнұраны шырқалды. Одан бөлек 45 елдің туы көкте желбіреді. Сондай-ақ АҚШ-тағы әлем чемпионатында екі әлем рекорды, тоғыз әлем чемпионатының рекорды, төрт құрлықтық және сегіз ұлттық рекорд жаңарды.

Келесі әлем чемпионаты 2023 жылдың 19-27 тамызы аралығында Мажарстанның бас шаһары – Будапештте ұйымдастырылады.

egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КЕРЕК КЕҢЕС

НЕСИЕНІ ТЕЗ ЖАБУДЫҢ ЖОЛЫ

Қазақстанда тұтынушылық несиелер мен ипотекалық несие - 9,8 триллион теңге. 8 миллионға жуық қазақстандықтың қолданыстағы несиелері бар. Қарыздан қалай тезірек құтылуға болады? Оның жолдарын қаржыгер Мақсат Халық түсіндіріп берді.

Қайта есептеу

Мақсат Халықтың сөзінше, ең алдымен, тұтынушылық құқық толық сақталуы керек. Кез келген клиент өзі келісімге отырған екінші деңгейлі банкпен шартты жаңарта алады. Ал бұл өз кезегінде несиені тез жабуға көмектесуі мүмкін.

«Борышкер болсаңыз да, сіз банктің клиенті болып қала бересіз. Банкке өтініш жазып, қарызды қайта есептетуге болады. Яғни бұған дейін айына 35 мың теңге төлеп жүрсеңіз, қайта есептеуден кейін ол соманы өсіре аласыз. Әрине, ол кез келген адамның қаржылық мүмкіндігіне тікелей байланысты, бірақ көп жағдайда артық ақшасы бар адамдардың өзі келісімшарттың кесірінен шығынға батып жатады. Ал оны өзгертуге болатынын екінің бірі біле бермейді», – дейді ол.

Қайта қаржыландыру

Қайта қаржыландыру - несие саясатының әдісі, ескі берешекті жаңа міндеттемелер қабылдау жолымен өтеу. Экономистер бұл әдісті несиені тез жабу үшін таптырмас құрал деп санайды.

«Бұл тек бір жағдайда дұрыс болады. Мысалы, кезінде жоғары пайызбен несие алдыңыз, бірақ келесі жылы елдегі экономикалық жағдай тұрақталып, инфляция қалыпқа келгенде базалық мөлшерлеме түседі, яғни несиенің пайызы төмендейді. Осы уақытта несиені қайта қаржыландырып, қарыздың үстінен төлейтін пайызын азайтуға болады. Қысқаша қайырғанда, несие мөлшерлемесі сіз алған уақыттан қазір төмен болып тұрса, онда қайта қаржыландыруға болады. Осы ретте ескеретін жайт бар: қайта қаржыландыру кезінде үстінен тағы қаражат алуға болмайды», – деді қаржыгер.

Депозит ашу

Мақсат Халық көп жағдайда депозитті несиесі бар адамдар ашпайтынын айтады. Оның пікірінше, бұл қаржылық сауаттың төмендігінен.

«Қазір несие алатын емес, депозит ашатын уақыт екенін айтқым келеді. Неге десеңіз, бүгінде депозиттердің пайызы өсті. Ал тұтынушылық несиелердің базалық мөлшерлемесі елдегі экономикалық ахуалға байланысты тиімді болмай қалды. Несиені тез жабу үшін депозит болуы керек. Табыстың кемінде 10 пайызын депозитке құятын болсаңыз, жыл соңында оның үстінен түсетін пайда кемінде 14 пайыз болады. Ал бұл несиенің пайызын өтеуге көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, депозиттен түскен бонуспен несиенің пайызын жабу керек. Сол кезде несие де тез жабылады және шығынға көп батпайтын боласыз», – дейді ол.

Көшкін әдісі

Бұл әдіс клиенттің бірнеше несиесі бар болған жағдайда қолданылады.

«Әрине, логикаға салсақ, сомасы аз несиені бірінші жапқан тиімді көрінеді, себебі несиені тез жабуға қосымша мотивация пайда болады. Дегенмен, ең бірінші негізгі қарызды жабуды ойлау керек. Одан кейін ғана пайызы жоғары несиені толық өтеуге тырысу керек. Пайызы жоғары несиенің сомасы аз да болуы мүмкін, көп те болуы мүмкін, сондықтан бұл тұста кесіп айту қиын», – деді маман.

Қосымша табыс

Мақсат Халық несие жабуда негізгі табыс көзін ғана қарастыруға болмайтынын айтты.

«Қосымша табыс көзін табуға тырысу керек. Ол үшін қазір көптеген мүмкіндік бар. Қашықтан жұмыс істеуге де болады. Ең бастысы, несие сомасын жаба алатындай қосымша табыс болғаны маңызды. Сол кезде негізгі табысты депозитке құюға болады», – деп сөзін аяқтады ол.

massaget.kz

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

СЫР ЖЕГЕННЕН ТУЫНДАЙТЫН ҚАУІПТІ АУРУЛАР

Сыр ақуыздарға, кальцийге, дәрумендер мен амин қышқылдарына бай болғанына қарамастан, оны күнделікті нормадан асырмай сақтықпен қолданған жөн. Нутрициолог-дәрігер оны қалай қолданған дұрыс екенін айтты.

«Негізгі тағамға қоспа ретінде болса, 20-30 грамм сыр жеуге болады, егер жеке тағам болса, 50 грамнан артық емес», –деді нутрициолог-дәрігер Айгүл Фазлиева.

Сырды нормадан жоғары тұтынған жағдайда холестерин деңгейі артады, бұл артық салмақ жинау қаупін тудырады. Сондай-ақ, сырдың құрамына назар аудару керек. Маманның айтуынша, оның құрамында натрий нитраты, пальма майы, өсімдік майы болмауы керек, өйткені олар несеп-жыныс жүйесінің ауруларын тудыруы мүмкін және жалпы денсаулықты нашарлатады.

«Егер лактозаға (сүт қантына) төзбеушілік болса, онда үш айдан астам уақыт тұрғызылған сырды таңдаған дұрыс. Мысалы, пармезан, чеддар, эмменталь», –деп түсіндірді Фазлиева.

Ол сондай-ақ, жүрек-қан тамырлары аурулары, гипертония және жоғары холестерині бар адамдарға майлы сыр жеуден бас тартқан дұрыс. Мұндай жағдайларда сырдың майлылығының мөлшері 20% -дан аспауы керек.

Stan.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ • ОБЪЯВЛЕНИЕ

"Гасанова" ЖК "жол берілетін шығарындылар нормативтері"жобасы бойынша 2022 жылғы 8-12 тамыз аралығында көпшілік талқылаулар өткізілетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді. Бастамашы: ЖК" Гасанова " (Көмір қоймасы) БСН680215402696, тел 87059913690, электрондық мекенжайы бойынша қосымша ақпарат алуға болады: e-mail: galinakorneva_1956@mail.ru жоба материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz әзірлеуші "Экология"ҒӨО ЖШС,БСН990740003013 тел.87282 41-39-42. Алматы облысының Табиғи ресурстар басқармасы қоғамдық тыңдау бойынша Тел. 8(7282) 32-92-67, 329267eco@mail.ru, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ИП «Гасанова» информирует общественность о проведение публичных обсуждений с 8 по 12 августа 2022г, по проекту «Нормативы допустимых выбросов». Инициатор: ИП «Гасанова» (угольный склад) БИН680215402696, тел 87059913690, электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: e-mail: galinakorneva_1956@mail.ru Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Разработчик ТОО НПЦ «Экология»,БИН990740003013 тел.87282 41-39-42. Управление природных ресурсов Алматинской области по общественным слушаниям Тел.8(7282) 32-92-67, 329267eco@mail.ru, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

8-12.08. 2022 ж. "Айдар" шаруа қожалығы үшін "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі, 1000 басқа дейінгі ұсақ малды ұстау бойынша, Сарқан ауданының жерлерінде, "Көкөзек"учаскесі жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар көпшілік талқылаулар арқылы өткізіледі. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: "Айдар" ШҚ, БСН720222301749, тел 87775344375, олар бойынша қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжайы e-mail: anarka_12@mail.ru жоба материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz әзірлеуші "Экология"ҒӨО ЖШС,БСН990740003013 тел.87282 41-39-42. Алматы облысының Табиғи ресурстар басқармасы қоғамдық тыңдау бойынша Тел. 8(7282) 32-92-67, 329267eco@mail.ru, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

С 8 по 12.08.2022 г. будут проводиться общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту Раздел «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «Айдар», по содержанию мрс до 1000 голов, на землях Сарканского района, участок «Кокозек». Инициатор намечаемой деятельности: КХ «Айдар», БИН720222301749, тел 87775344375, электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию e-mail: anarka_12@mail.ru Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Разработчик ТОО НПЦ «Экология»,БИН990740003013 тел.87282 41-39-42. Управление природных ресурсов Алматинской области по общественным слушаниям Тел.8(7282) 32-92-67, 329267eco@mail.ru, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

СӨЗ ЖОҚ



АРДАГЕРЛЕР САЯБАҒЫ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 751
Индекс 15534